

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Р.Зайкенова
Р.Сакенова
С.Мұқамет
З.Қарабекова

АБАЙТАНУ

Негізгі орта білім беру деңгейінің
7-сыныбына арналған оқулық

7



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5Қаз) я 72
А-13



Смартфонға тегін «Сканер QR» қосымшасын жүктеп ал. Сол арқылы мына QR кодтан «Абайтану» оқулығының қосымшасын жүктей аласың. Жүктелген қосымшаны ашып, тақырыптағы QR кодқа смартфонды жақындатсаң, қажетті ақпарат шығады.

Зайкенова Р. ж.б.
А-13 **Абайтану:** Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныбына арналған оқулық. / Зайкенова Р., Сакенова Р., Мұқамет С., Қарабекова З. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2022. – 112 бет.

ISBN 978-601-318-431-9

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5Қаз) я 72

ISBN 978-601-318-431-9

© Зайкенова Р.,
Сакенова Р.,
Мұқамет С.,
Қарабекова З., 2022
© «Арман-ПВ» баспасы, 2022

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Төмендегі шартты белгілермен таныс. Шартты белгілер саған оқулықпен дұрыс жұмыс жасауға бағыт-бағдар береді.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары

- | | | | |
|---|---------|---|----------|
| 1 | Білу | 4 | Талдау |
| 2 | Түсіну | 5 | Жинақтау |
| 3 | Қолдану | 6 | Бағалау |

Зертте

ізденімдік тапсырмалары

Тірек сөздер

мәтін мазмұнын меңгертетін негізгі сөздер

Хакімнен үйрен

алған білімді түйіндеп, өмірде қолдануға арналған тапсырмалар



Сөзмаржан – түсіндірме сөздік



Абайтану әліппесі – абайтану ғылымының түсініктері



Білгенге маржан – танымдық мәліметтер, танымал тұлғалардың пікірлері



Жазып көр – абайтану ғылымының түсініктерін меңгерту тапсырмалары



Суретпен жұмыс – сурет бойынша сыни ойлау тапсырмалары



Кітап – білім бұлағы – қосымша оқуға ұсынылған әдебиеттер



Тыңдалым материалдары

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті жас жеткіншек! Сен «Абайтану» оқулығы арқылы ақынның өмірі мен шығармашылығын оқуды жалғастырасың.

«Абайтану» оқу-әдістемелік кешеніне оқулық, хрестоматия кіреді.

Оқулық «Пайда ойлама, ар ойла», «Жүректе қайрат болмаса», «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет», «Ұйықтап жатқан жүректі өн оятар» тарауларынан тұрады.

«Пайда ойлама, ар ойла» тарауы Абайдың ізгілік имандылық, мораль қағидаттары туралы ой-толғамдарын саралап тану, адамшылық негіздерді тұтынуға ықпал етуді қарастырады.

«Жүректе қайрат болмаса» тарауында ақынның ақыл, қайрат, жүрек туралы өлеңінің мәні және адамға рухани нәр беретін негіздері қамтылған.

«Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет» тарауы қазақтың ұлттық мәдениеті мен саятшылық өнерін, көркемдік танымдарын, қазақ қауымындағы кейбір мінез-құлықты саралап танытуды мақсат еткен.

«Ұйықтап жатқан жүректі өн оятар» тарауы бойынша Абайдың музыкалық мұрасын рухани-эстетикалық, танымдық мақсатта игерту көзделген.

Ақынның шығармаларын пайымдап оқуды; мәтіндегі тілдік бірліктердің қызметін түсініп, идеялық мазмұндағы маңызын айқындауды; көркем мәтіндегі ой-түйіндерді тауып, әдеби шығармадағы өзекті ойды, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық мәселені анықтауды; қарасөздердегі автордың түйінді ойын баяндауды, шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдауды игересің.

«Білу», «Түсіну», «Қолдану», «Талдау», «Жинақтау», «Бағалау» тапсырмалар тобын жеке, жұппен және топпен орындау барысында жаңа тақырыпты жеңілірек меңгересің.

«Хакімнен үйрен» айдарымен берілген сұрақтарға жауап іздеп, жасаған тұжырымыңды өмірде қолдануға дағдыланасың.

Сондай-ақ «Абайтану әліппесінде» жинақталған мәліметтермен танысып, «Жазып көр» тапсырмасын орындау арқылы әдебиеттану ғылымының түсініктерін игересің. Ал «Зертте» айдары сені ізденушілікке жетелейді.

«Кітап – білім бұлағы» айдарында қосымша оқуға әдебиеттер ұсынылды. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарындағы тақырыпқа қатысты мағлұматтарды да ұмытпағаның жөн.

Іске сәт, жас дос!

I ТАРАУ

ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА

Досым, сен осы тарауда:

- Абайдың ізгілік, имандылық, мораль қағи-
даттары туралы ой-толғамдарын саралап
тануды;
- адамшылық негіздерді тұтынуды үйренесің.

Ақын ар мен ұят тақырыбына қалай толғанған екен?

«ҰЯЛАМЫН ДЕГЕНІ КӨҢІЛ ҮШІН» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп, логикалық, психологиялық кідірістермен оқу;
- шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау;
- мәтіндегі тілдік бірліктердің дербес және мәнмәтіндегі қызметін түсініп, идеялық мазмұндағы маңызын айқындау.

Тірек сөздер

Ар-ұят
Жігер
Достық

Зертте

Ақын «Әкесі ұрысса балаға, ол да – достық, баласы ұрысса әкеге, жараса ма?» дегенді неге айтты?

Ақын заманы мен қазіргі кезенді салыстыр. Рухани құндылықтар өзгерді ме?

Абай көптеген шығармаларын ар-ұят мәселесіне арнаған. Өзі өмір сүрген дәуір болмысына тән қазақ халқының мінез-құлқын аша отырып, дұрыс тәрбие алуға жол көрсетеді. Ақын заманында ел басқарған болыстардың ішінде әділетсіздері де болды.

«Ұяламын дегені көңіл үшін» өлеңінің (1901 ж.) негізгі идеясы – адам мінезін сынай отырып, қоғамдағы жайттардың да ащы шындығын көрсету.

Өлеңнің жанры – поэзия, оның ішінде саяси-әлеуметтік лирикаға жатады. Өлең 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. 11 буынды қара өлең (а-а-б-а) ұйқасымен жазылған.

Ұят деген не? Ұят – адам бойындағы ізгі қасиет, ар-намыс, адамдардың қарым-қатынас мәдениетіндегі ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата білу, түсіну.

Адам мінезі мен қоғам бейнесін осы туындысында ақын былай көрсетеді:

Ұяламын дегені көңіл үшін,

Ұсақ қулық бір ғана өмір үшін.

Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ,
Жігері жоқ, маңызы жеңіл үшін.

Ақын осылайша «ұяламын» деп көлгірсіп, бірақ қулық жасайтын адамдарды қатты сынайды.

Бұл жерде «татымды... қастық та жоқ» дегенге мән беру керек. Мұндай адамдар не сөзімен, не ісімен қарсыласуға

жарамайды. Ар мен ұятты ұмытып, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» ғана жүргісі келеді.



Суретпен жұмыс

Ақын Абай не туралы жазуы мүмкін? Оны қандай мәселе толғандыруы мүмкін? Ақынға тақырып бойынша қандай сұрақ қояр едің?



Рухани құндылықты ойламаған адам тән қажетін ғана қанағат тұтар хайуанға тең. Кәсібі жоқ, еңбек еткісі келмейтіндер қандай болады? Әрине, ештеңеге басын қатырмай, шалқып өмір сүргісі келеді. Әр нәрсенің басын шалғанымен, одан да тез жалығып, іші



Сөзмаржан

Екіұшты – екіұдай, екіталай. *Бұл жерде тұрақты емес, сатып кетуге дайын деген мағынада*

Тән асырап – бұл жерде: қарын тойдыру

Көрсеқызар – қызыққыш, еліктегіш

Құмар – ынтық, ынтызар, асық

Текетірес – текелердің мүйіздері айқасқанша сүзісуінен туындаған сөз. Мағынасы – қарсыласа білу

пысып, көрсеқызарлыққа, жеңіл ермекке салынып, болашағын ойламайды.

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
Жаңа сүйгіш адамзат, көрсеқызар.
Ар мен ұят ойланбай, тән асырап,
Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар.

Әрі қарай адамдардың «сүйсе» – өтірік сүйетіні, «сүймесе» – таяқ ала жүгіруге де аянбайтындардың дойыр, надан мінезі қоғам, заманға әсер ететінін айтады. «Бұл не деген заманға ісім түсті?!» деп қынжылады. Өйткені рухани байлыққа мән бермей, материалдық байлықты ғана ойлап, ниет-пейілі бұзылған адамдардың көбеюі қоғам дамуына зиян келтіреді.

Туысқаның, достарың – бәрі екіұшты,
Сол себепті досыңнан дұшпан күшті.
Сүйсе – жалған, сүймесе – аянбаған,
Бұл не деген заманға ісім түсті?!

Ақын өлеңінде ересек адамдардың ақыл тоқтатып, өмірге саналы көзқарас танытудың орнына болмашыға мәз, арзанға алданғыштығын сынайды. Автор өзін халыққа әкенің рөлінде ұсына отырып, сөзіне құлақ асуды сұрайды:

Әкесі ұрысса балаға, ол да – достық,
Баласы ұрысса әкеге, жараса ма?! –

деген риторикалық сауал тастап, адамзатты терең ойлануға бағыттап отыр. Әке өз орнын, бала өз орнын білуі керек. Мұнда жекелеген адам кемшілігінен, санасыз мінезінен замана сырқаты құралатынын жан даусымен айту бар. Сонымен, бұл өлеңде оқуға, өнер-білім алуға, кәсіп үйренуге ұмтылмайтын, керітартпа, надан, жалқау адамның жиынтық портреті жасалған деуге болады.

1

Білу

1. Өзіңнің ұялған жағдайың болды ма?
2. Өлеңдегі көтерілген мәселе өмірде жиі байқала ма?
3. Дос болуға жарамайтын адамдар қандай болады?
4. Қандай адамды көрсеқызар дейміз?

1. «Ұяламын дегені көңіл үшін» дегенді қалай түсінесің?
2. Не себепті автор адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынайды?
3. Ақын неліктен «досыңнан дұшпан күшті» дейді?
4. Абай: «Өзің үлкен, қылығың – бала-шаға», – деп не айтқысы келді?

1. Топтық жұмыс. QR-cod арқылы берілген өлеңді тыңдаңдар. Содан соң өлеңді пайымдап, логикалық, психологиялық кідірістермен топ ішінде оқыңдар.



Белгілі бір ойдың аяқталғанын білдіретін кідіріс логикалық кідіріс деп аталады.

Тыңдаушының назарын аудару үшін жасалатын ұзақ кідіріс психологиялық кідіріс деп аталады.

Не байқадыңдар?

QR-cod арқылы өлеңді қайта тыңдаңдар. Өлең идеясын түсіндіңдер ме?

2. «Татымды», «екіүшты» сөздерінің жеке және мәнмәтіндегі қызметтерін анықта.

Татымды	
Екіүшты	

3. «Өзің үлкен, қылығың – бала-шаға» өлең жолының идеялық маңызын айқында.

1. Шығармада қандай көркемдегіш құралдардың қолданылып тұрғанын анықтап, олардың қызметін талда.

Көркемдегіш құралдар	Қызметі

2. Жұптық жұмыс. «Сатылай кешенді талдау» әдісі арқылы берілген кестені толтырыңдар.

Авторы	
Тақырыбы	
Жанры	
Идеясы	
Шумақ түрі	
Тармақ түрі	
Бунақ түрі	
Буын саны	
Ұйқасы	

5

Жинақтау

1. Өлеңде кездескен адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді кластерде жинақтап, жоба жаса.



2. Интернеттен ақынның «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңін жүктеп, «Ұяламын дегені көңіл үшін» өлеңімен салыстыр. Екі өлеңнен түйген ойыңды жинақтап жаз.
3. Топтық жұмыс. <https://www.astana-akshamy.kz/uly-dalanung-ruhani-qazynasy/> сілтемесіндегі мәліметпен танысып, «Адам бойындағы жағымсыз қасиеттер қалай пайда болады?» тақырыбына пікір таластырыңдар.

6

Бағалау

Адам бойындағы қандай қасиеттерді бағалар едің?



Білгенге маржан

Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар. Сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артылар. «Бірінші

ақынымыз» деп қабіріне халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезінер, қуанар.

Міржақып Дулатұлы



Абайтану әліппесі

Лирика – ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, арманын, өмірге деген көзқарасын, ішкі толғанысын, дүниетанымын сыр ғып шертетін өлең, әдебиет тегінің бір түрі.

Лириканың бірнеше түрі бар:

1. Саяси-әлеуметтік немесе азаматтық лирика.
2. Махаббат лирикасы.
3. Табиғат лирикасы.
4. Философиялық лирика.

Саяси-әлеуметтік лирика – қоғамдық өмірге қатысты маңызды мәселелерді қозғайтын ақынның заманға, халықтың тарихы мен бүгінгі тағдырына көзқарасын білдіретін лирика. Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасы да өзі өмір сүрген қоғамының сипатын толық көрсетеді.

Риторикалық сұрау – шешендік тәсілге жататын айшықты сөз тіркесі. Ойды, сезімді әсерлі ету үшін жауабы айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

1. «Ұяламын дегені көңіл үшін» өлеңінің саяси-әлеуметтік лирикаға жататынын дәлелдеп жаз.
2. Өлеңдегі риторикалық сұрауды тауып, оның атқарып тұрған қызметін түсіндір.



Хакімнен үйрен

Ақын сияқты ар мен ұятты бәрінен жоғары қою қиын ба? Оны қалай үйренуге болады?



Кітап – білім бұлағы

Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.

Ақын жүректі қалай бағалаған? Не себепті?

«ЖҮРЕК – ТЕҢІЗ, ҚЫЗЫҚТЫҢ БӘРІ – АСЫЛ ТАС» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтіндегі ой-түйдерді тауып, негізгі ой қазығына топтастыру;
- көркем шығарма тілінің ақпараттық, фразеологиялық қырын мәнмәтінде анықтау;
- өлеңді композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындау, жоспар құру.

Тірек сөздер

Жүрек
Достық
Жастық

Сөзмаржан

Жасық – жігерсіз, ынжық, бос
Асыл тас – қымбат, бағалы тас
Алқын – екпін, қарқын

Абай шығармаларында жиі қолданылған сөздің бірі – жүрек. Мысалы, «Он жетінші қарасөзінде» ақыл, қайрат, жүректі айтыстыра отырып, ғылымға билік айтқызғанда: «Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта...» деген сөзі бар. Келесі бір өлеңінде:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл,

жылы жүрек, –

дейді. Демек, Абай үшін жүрек – ар мен ұят, әділет пен шапағат.

«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» (1902 ж.) өлеңінің негізгі идеясы – адам өмір бойы жүрегін таза ұстауы керек. 4 тармақты 3 шумақтан құралған. 11 буынды қара өлең (а-а-б-а) ұйқасымен жазылған. Жанры – поэзия, оның ішінде элеуметтік лирика.

Лирикалық өлең үш композициялық құрылымнан тұрады. Бастауы, дамуы және соңы.

«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» деген өлең жолы – бастауы. Бұл – метафораның тамаша мысалы. Жүректі телегей теңізге, ал думан-тойды, ойын-сауықты, күлкі-ермектің бәрін асыл тасқа ауыстырып тұр. Теңізде не болмайды? Асыл тастар: маржан да, інжу де, меруерт те – бәрі сонда. Осылайша ақын оқырманды қызықтырып, әрі қарай жетелейді.

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Зертте

Төмендегі мақалды оқып, мән-мағынасын зертте.

Сұқтанба қапыда
«сұлу» деп құр бетке,
Адамдық – ақылда,
сұлулық – жүректе.

Өлеңнің негізгі бөлігі – тақырыптың дамуы. Адам баласы жас кезінде алға ұмтылғыш келеді. Дегенмен кейбір нәрсенің қадір-қасиетін саналы түрде түсіне бермейді. Қызықтың бәрі – өткінші, сондықтан өзің таңдаған, қолыңнан келетін кәсібіңді жаса, жүректен қызу кеткенше ізден деген ой тастайды.

Адам өмірінде жақсы да, жаман нәрсенің бәрі болуы мүмкін. Бірақ жүректің өлшеуіші – ар мен ұятты жоғалтпауы керек. Достық та, қастық та, ар мен ұят та жүректен туындайтын қасиеттер екенін ұғындырады. Ал ар мен ұяттың, яғни жүректің бақылайтын күзетшісі кім? Ол – ақыл. Ешқашан жүректі жаман нәрсеге билетпесең, өміріңнің мәртебесі сол деген пікір айтады.

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі.

Суретпен жұмыс

Ақылдың ақылы қайда болады? Жақсы адамның жүрегінде тағы қандай қасиеттер болуы мүмкін? Суретті дәптеріңе толықтырып сал.



Жүректі тау бұлағындай таза, аспан жұлдызындай мөлдір етіп ұстау – адамзаттың міндеті. Жалыны оттай жайнаған достық та, амал-айласы көп қастық та бір ғана жүректің өмірімен болмақ. Ақын жүректі (ар мен ұятты, әділет пен шапағатты) адам мүшесінің патшасы санаған. Ол жалған сөйлеу, көлгірсу, уәдені бұзу, жазықсыз жанның сыртынан өсек айту, тағы да басқа жаман әдеттерден аулақ болсаң, өміріңнің бақыты сол дейді.

Жүректі таза сақтай отырып қана шынайы көңіл, адал достық, айнымас махаббат, нәзік сезім, тұрақты мінез, сүттей ұйыған ауызбірлік, ағайын арасының балдай татулығына қол жеткізе аламыз.

Өлеңнің соңы – композицияның маңызды бөлшегі. Эмоционалдық көңіл күйдің шешімі, яғни тақырыпты түйіндеу, тұжырымдау.

Қартаң тартқан адамнан от азаймақ,
От азайса, әр істің бәрі тайғақ.
Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып,
Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ.

Қартайған адамның күш-қуаты кетіп, әр істе қарқыны азайып, қайратсыз болады. «Кеудеде от азаяды» дегені қартайған шағында адамның кез келген шаруаны тындыра алатынына сенімі кете бастайды. Қажыр-қайраты қайтып, әр істе шама-шарқы келмеген соң, енді оған әркім бір білгішсініп ақыл айта бастайды.

Автордың «Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ» дегені – жас уақытта жүректі таза ұстамаған адамның жолы болмайтынын меңзеуі.

«Аяғың тартар маймақ» дегенде үлкен астар бар. Қартайған адамдардың аяғы ауырып, қисық тартып, ақсаңдап, маймаңдап қалатын жағдайы жиі кездеседі. Бұл – «маймақ» сөзінің тура мағынасы. Ал ауыспалы мағынасы – «кібіртіктеу», «қорғаншақтау». Ақын екі мағынаны да «аяғың тартар маймақ» деген сөзге сыйғызып жіберген.

Қысқасы, бұл өлеңде адам баласы қандай қызмет атқарса да, ар мен ұятын жоғалтпауы керек деген уағыз айтылады. Кез келген заманда өмірі бойы құрметке бөленіп, қадір-қасиетінен айырылмаған адамдар аз болмайды. Ондай адам айналасына үлгі-өнеге.

1

Білу

1. Жүрек адам өмірінде қандай қызмет атқарады?
2. Ар-ұяттың күзетшісі не?
3. Адам жас кезінде қандай болады?

2

Түсіну

1. Ақын неге жүректі теңізге теңеген?
2. Теңізде қандай байлық бар? Жүректе ше?
3. Қандай жүректі адамдар достыққа ұмтылады?

3

Қолдану

1. Өлеңдегі тура мағына және ауыспалы мағынадағы сөздерді кестеге бөліп жаз. Сөздердің мәнмәтіндегі фразеологиялық қырын түсіндір.

Ауыспалы мағынадағы сөздер	Тура мағынадағы сөздер

2. **Топтық жұмыс.** «Радиоға қоңырау шалу» әдісі бойынша өлеңде көтерілген мәселелер туралы қонақтармен радиосұхбат жүргізіндер. Өлеңдегі ой-түйіндерді тауып, негізгі ой қазығына топтастырыңдар.

«Төрт қонақ» рөлдік карточка алып, сол карточкадағыдай рөлдерін ойнауы тиіс.

Мысалы, жүргізуші, жүрек, ақыл және лирикалық кейіпкер.

4

Талдау


1. **Жұптық жұмыс.** Өлеңдегі «Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі» – деген жолдағы «күзетшісі» сөзінің қолдану аясы мен мағынасын ашып талдаңдар.

2. Өлеңді композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындап, жоспар құр. «Соңғы сөзді мен айтайын» әдісімен өлеңнен адами құндылықтарды талдап көрсет.

5

Жинақтау

1. **Жүрекке тән қасиеттерді** сызбаға толтыр.



2. Ақын өлеңде **жүрек, ар, ұят, арын, алқын, от** сөздерін қалай сипаттады? Өлеңді оқи отырып, кестені толтыр.

Жүрек	
Ар, ұят	
Арын, алқын	
От	

6

Бағалау

«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» өлеңіндегі «**Жүректің ісі**» сөзіне қандай баға бересің?



Білгенге маржан

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
 Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
 Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім.
 Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! –

деп тебірене шер төккен Абай шығармаларында «жүрек» сөзін 40-тан астам мағынада 107 рет қолданған.

Ақын жүрекке байланысты «асау жүрек», «асыл жүрек», «ет жүрек», «жау жүрек», «жылы жүрек», «ит жүрек», «мұз жүрек», «сұм жүрек», «ыстық жүрек» деп, сан түрлі ұғымдар туындатып, жүректің қасиеті мен сыр-сипатына бейнелі де астарлы мән беріп, өзгеше мағына туғызған.

Сейдалы Оразалиев



Абайтану әліппесі

Фразеологизм – екі немесе одан да көп сөздердің тұрақты түрде тіркесуі арқылы жасалып, ауыспалы, бейнелі мағынаны білдіретін сөз тіркестері. Мысалы, жүрек жұтқан – батыр, таяқ тастам жер – жақын жер т.б.

Абай көптеген жаңа фразеологизмдерді туғызып, қазақ әдебиетінің тілін байытты.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

«Қоян жүрек», «жау жүрек», «жүрегі алып ұшты» тіркестерінен сөйлем құрап жаз. Мағыналарын түсіндір.



Хакімнен үйрен

«Қыз бала – ұлттың ұяты» және «Ұлдың ұяты – әкеге» дегенді қалай түсінесің? Жауапкершілікті сезініп жүрсің бе?



Кітап – білім бұлағы

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995.
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008.

Мақал-мәтелдерді көп білесің бе? Олардың мән-мағынасына үңіліп көрдің бе?

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- қарасөздегі автордың түйінді ойын ментальді картаны қолдана отырып баяндау;
- шығарманың тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармасымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау.

Тірек сөздер

Адамгершілік
Адалдық

«Жиырма тоғызыншы қарасөздің» негізгі идеясы – әр айтылған сөзді орнымен, жігін тауып, қолдана білу. Жанры – проза, оның ішінде – публицистика. Абай бұл қарасөзінде кейбір қазақ мақал-мәтелдерінің мазмұнына ғылыми талдау жасайды. Ең алдымен, «Жарлы болсаң, арлы болма!» деген мақалды сынайды. Мұнда ақын адамнан ар мен ұят кеткен соң, тірі боп жүргеннің не қажеті бар деп қынжылады. Жарлы-жақыбай, кедей-кепшік болса да, адал еңбегімен мал тапса, яғни табыс тапса, ол – «ар кететұғын іс емес». Ешкімнен қарыз сұрамай, қол жайып, тіленбей, «адал еңбекпен мал іздемек» – арсыз адамның

Суретпен жұмыс

«Болжау» стратегиясын пайдаланып, ақынның іс-әрекетіне тақырыппен байланыстырып, болжау жаса. Суретке атау бер.



емес, арлы адамның харекеті деп қарайды. Сондықтан да «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі», – дейді Абай.

«Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермегі жоқ» деген мақал-мәтелге Абай ерекше шүйлігеді. Қалауын, сұрауын табамын деп жүріп, қорлықпенен өмір өткізгенше, «малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек» дейді. Себебі қанша тырыссаң да, қар жанбайды, ал сұрамсақтықпен өмір өткізу мүмкін емес. Мұндай адамнан жұрт қашқақтап, оны көргенде «тағы бірнәрсе сұрай ма» деп тығылып қалатындай күйге түседі.



Сөзмаржан

Жарлы – кедей
Қарманып – ұмтылып

Диуана – ел кезіп, ешқандай дүние-мүлік иеленбей өмір сүруге бекінген тақуа адам. Бұл жерде: ойланбай әрекет ету

Михнат – еңбек, бейнет қиындық

Антұрған – серттен тайып, ант атқан (антұрған) оңбаған адам

Мәйек – жас төлдің ұлтабарынан алынып, сүттен ірімшік жасауға пайдаланылатын ұйытқы

Зертте

Абайдың мақал туралы қарасөз жазуының мақсаты неде?

«Атың шықпаса, жер өрте» деген мақалды да Абай мінейді. «Жер өртеп шығарған аттың несі мұрат? – дейді. Жеті жұттың бірі – өрт. Жер өртенсе, орасан зиян келеді, елдің берекесі кетеді.

«Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол» деген мақал да Абай көңіліне қонбайды. Диуаналықпен «бір күн болған буралық неге жарайды?» дейді. Бұдан адам баласы бір күндігін ғана ойламай, адал еңбекпен, ар-ұятын сақтап, өмір сүрсе, сол ғанибет деген ой тастайды.

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» деген мақал туралы Абай былай дейді: «Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны». Расында да періштеге алтын не керек? Оған мүлде қажет емес.

«Ата-анадан мал төтті, алтынды үйден жан төтті» деген мақалдың да мән-мағынасы осыған саяды. Автор оны өшкерелей келе, ата-анасын мал-дүниеге айырбастаған, ант атқан

арсызды айыптайды. Ата-анасын малға сату – «Құдайға дұшпандық іс». «Мақалдың да озығы бар, тозығы бар» дегендей, Абай: «Осындай білместіктен айтылған сөздерден сақ болу керек», – деген өсиет айтады.

Абай 1894 жылы жазылған «Қарашада өмір тұр» деген өлеңінде:

Арсыз болмай, атақ жоқ,
Алдамшы болмай, бақ қайда? –

деп, арсыздықпен атаққа жеткен, қулықпен бағын асырған адамдарды сынаған еді. Осындай адамдар өзін жарық дүниеге әкелген

ата-анасын да малға (ақшаға), дүние-мүлікке, атақ-даңққа айыр-бастаса, нағыз арсыз, нағыз антұрған, нағыз алдамшы болмағанда, кім болады? Қарасөзде Абай бұларды «антұрған» деп атайды.

Халық ауыз әдебиетінің қазыналы байлығы болып саналатын мақал-мәтелдер – сөздің мәйегі. Мақал-мәтелде халық даналығы бір ауыз сөзбен түйінделеді. Десе де, Абайдың айтпағы – озық мақал мен тозық мақалды ажырата білу.

1

Білу

1. Абайдың қанша қарасөзі бар?
2. «Жиырма тоғызыншы қарасөздегі» басты ұстаным не?
3. Адал еңбекке не жатады?
4. Қардың қандай қасиеттері бар? Қар жана ма?

2

Түсіну

1. «Мақалдардың адамшылыққа жарамайтұғыны да жоқ» деген сөзді Абай неге айтқан?
2. Неліктен ақын білместікпен айтылған сөздерден сақ бол деген?
3. Автор не себепті періштеге алтын керек емес дейді?


3

Қолдану

1. «Жиырма тоғызыншы қарасөздегі» мақал-мәтелдерді Абайдың көзқарасымен және халықтық нұсқасымен салыстыра отырып, кестеге жаз.

Мақал-мәтелдер	Мағынасы

2. Ментальді картаны толтыр. Қарасөздегі мақал-мәтелдерге өмірден алынған мысалдар келтір.



1. Қарасөздегі «Құдай ұрған», «антұрған» деген сөздерді талда.

Құдай ұрған

Антұрған

2. Топтық жұмыс. «Дербес пікір айту» әдісі бойынша кез келген үш мақалды талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.
- 1) Өзіндік пікір (ой, идея. 1 сөйлем).
 - 2) Дәлел (2 сөйлем).
 - 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал (2 сөйлем).
 - 4) Өз пікіріне қарсы пікір (1 сөйлем).
 - 5) Қарсы пікірді жоққа шығаратын мысал (2 сөйлем).
 - 6) Қорытынды (2 сөйлем).

1. «Орынды сөз – мыңжылдық, Орынсыз сөз – мылжыңдық» деген халықтық ұғымның дәлелін осы тақырыпта көре алдың ба? <https://articlekz.com/kk/article/15468> сілтемесіндегі зерттеумен танысып, тақырыпты түйіндеп, жоба қорға.
2. Жұптық жұмыс. Шығарманың тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармаларымен салыстырыңдар. Осы шығармалардың ұлттық және тарихи құндылығын бағалап, жоба жасаңдар.

Күнделікті өмірде ана тіліміздің қолданылу аясына қандай баға бересің? Өз үлесіңді қалай қосасың?



Білгенге маржан

14 жасқа дейін Абай бауырында өскен Уәсила Мағауияқызының естелігінен: «Әлі есімде, бір күні біздің оқып отырған үйімізге әкем келді. (Абайды балаларының бәрі «әке» деп атағандықтан, Мағауиядан туған немересі де Абайды «әке» деген. Р.З.) Әдеттегідей бәріміз орнымыздан тұрдық. Әкем айнала қарады да: «Отырыңдар», – деді. Біз отырып жайғасқан соң, молдаға қарап: «Балаларға мына бір кітап әкелдім, осыны көшіріп, көбейтіп, бала басына бірден таратып бер.

Бүгіннен бастап, осы кітапты қоса оқыт», – деді. Біз қуанып кеттік. Әкем үйден шыққан соң, молда әлгі кітапты алды да, бас жағын оқыды. Кітап қолжазба екен. Біз ол кітапты көшіріп алып, оқи бастадық. Басқа кітаптарға көп көңіл бөлмейтін болдық. Өйткені бұл жаңа кітаптың тілі ұғымды, сөзі түсінікті, ақыл айтып отыратын жақсы кітап болды. Кейіннен байқасам, сол әкемнің «Ғақлия» атты қарасөзбен жазылған кітабы екен. Біздің молдадан бұл кітапты естіген басқа молдалар келіп, көшіртіп алып, өз шәкірттеріне оқытып жүрді».

Абай туралы естеліктер



Абайтану әліппесі

Мақал – нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі.

Ақынның көптеген фразалары күнделікті қолданыстағы нақыл сөздерге айналып кетті. Абай тілінің байлығы – ұрпаққа мұра, тілдік асыл қазына.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Қазақтың қандай мақал-мәтелдерін білесің? Сенің ойыңша, сын көтермейтін мақалдар бар ма? Ойыңды дәлелде.



Хакімнен үйрен

«Жиырма тоғызыншы қарасөздің» басты идеясы не? Өзіңе қандай тәлім алдың? Өмірде «алтынды көріп, жолдан тайған «періштелермен» не атын шығару үшін «жер өртегендермен» қалай күресер едің?



Кітап – білім бұлағы

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995.
2. Абай тілі сөздігі. – Алматы, Ғылым, 1968.

Ақынның «Бесінші қарасөзінде» не туралы айтылған екен?

БЕСІНШІ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- қарасөздегі автордың түйінді ойын сызба қолдана отырып баяндау;
- кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме) жазу.

Тірек сөздер

Ар-ұят
Білім
Еңбек ету

Сөзмаржан

«Байдан үмітсіз – Құдайдан үмітсіз» – байдды Құдаймен теңестіріп, Құдайға жалбарынғаны сияқты байға да жалбарынып, одан мал (ақша) сұрау керек деген мағынадағы мәтел

Қайраң – ағысқа қарсы бағытталған және ағыс бойынша тік құлама, жалпақ беткейлі болып келетін өзен арнасының жал түріндегі телімі немесе жазық жер өзендерінің таяз сулы бөлігі

Мағлұм – мәлім, белгілі жайт

«Бесінші қарасөзде» де Абай орнын тауып тұрмаған, мағынасы бұлыңғыр, анық емес мақал-мәтелдерді сынап, өрелі де өзекті мәселелерді қозғайды. Негізгі идеясы – «ел боламын десең, бесігіңді түзе», балаға жастайынан дұрыс тәрбие беру, ойлы, саналы болуға, адал еңбек, тиімді кәсіппен айналысуға үндеу. Жанры – проза (публицистика).

Абай халық санасына әбден сіңісті болып кеткен, бірақ философиялық астары ағат (қате) ұғым туғызатын қанатты сөздерге талдау жасайды. Кейбір үлкен адамдардың «Ә, Құдай, жас баладай қайғысыз қыла көр!» – деп тілек тілегенін өзім көрдім», – дейді Абай.

Жас баладай болу деген не ұғым береді? Бұл – ештеңеге басын қатырмай, жас балаға қарағанда өзі есті кісі болғансып, барға разы, жоқты ескермей, балалық түсінікпен өмір сүргісі келу. Өзі «қайғысыз қыла көр!» деп алып, қайғыға салынғансып, өтірік мұңданатын жетесіз адамның түсінік-түйсігін мына мақал-мәтелдер арқылы ашады: «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Мал – адамның бауыр еті», «Малдының беті – жарық, малсыздың беті – шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым – береген», «Мал

тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз – Құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраңы жоқ көлден без,

қайыры жоқ елден без» деген осындай сөздері көп, есепсіз толып жатыр», – дейді.

«Бұл мақалдардан не шықты?» – деп Абай сұрақ қояды да, өзі жауап береді. «Білген адамға бәрі – мағлұм. «Қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен. Бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе, оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен», – дейді.

Зертте

Ақынның еңбек тақырыбына жазылған өлеңдерін зерттеп, презентация жаса.

Ақын өзі болыс болғанда әділетсіздікпен барынша күресіп, ұры-қарыларды қатал жазалаған.

Сол замандағы кейбір қазақтың қайғысы неде? Олардың қайғысы – ғылым-білім, өнер үйреніп, адал еңбекпен ақша табу емес, ұрлық-қарлық, қулық-сұмдық, тіленшілікпен мал, ақша, дүние-мүлік табу. Мұндай адамдар бай болғысы келеді, бірақ қалай баюдың жолын білмейді және жанын ауыртып, ізденгісі де, еңбектенгісі де келмейді. Бұлар үшін келеңсіз қылықтар, жаман әдеттер, алдап-арбап, қулық-сұмдықпен күнелту – «ұят та, қайғы да емес». Бұларға малды қалай табуды ойлап, ынта жасау – қайғы. Сондықтан жас баладай қайғысыз болғанды ұнатады. Әрі қылмыстық жолмен тапқан малына жазалы (кінәлі) емеспіз деп есептейді.

Абай белгілі бір кәсіпті меңгермей, ынтасы тек малда болып, арамдықпен іс қылған адамдарды – ұяты жоқ, ары жоқ, білімсіз адамдар қатарына жатқызады. Ал бай болу, оның тиімді жолын табу саналы әрекетті қажет етеді. Осы мәселеге халықтың өресі жетпей, жас баладай қайғысыз болуды армандауы оны қынжылтады.

«Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық?» – деп сұрақ қойған Абай тағы да өзі жауап береді. Жас бала ошақтағы жанып жатқан қып-қызыл оттан қорқушы еді, ал бұлар тозақтың отынан да қорықпайды. Бұлар – құдайшылығы жоқ, иманнан безген адамдар. «Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма?», – дейді. Мұндай түсінігі төмен адамдардың пайымдауы бойынша, ата-бабасынан бай адам қолындағы бар малын үлестіріп беріп, солардың қалпына түсуі керек. Олардың

түсінігінше, сонда бай жақсы болмақ. Ал бай адам малын «талатпаса», жауласуға дейін барады деген ой тастайды.



Суретпен жұмыс

«Шеринг» әдісімен инфографика туралы ой бөлісіңдер. Шеңбер бойымен отырып, жүргізуші бастап, кезекпен барлығың да «Бесінші қарасөз» бойынша түйінді ойды қорытындылаңдар. Идеялар қайталанбауы керек.



Абай өкініші – қазақ «тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін» неге қам жемейді? Осыған үндейтін мақал-мәтелдерді неге үйренгісі келмейді? Тіленші болуға, сұрамсақ болуға, алдап-арбауға, «берсе, қолыңнан, бермесе, жолыңнан» (ұрлық жасап) алуға дайын тұратын заңсыз қылықтар Абайдың жан-дүниесін ауыртады. Сынай отырып, жастайынан баланы еңбекке, кәсіп таңдауға үйретуге, соған баулып-дағдыландыруға, оқу оқуға, қоғамға қажетті адам болуға шақырады.

1

Білу

1. Абай қарасөзде кімдер туралы ашына айтты?
2. Қайғы деген не?

2

Түсіну

1. Абай қандай мақал-мәтелдерді сынады? Неліктен?
2. Автор қандай жандарды ұнатпаған? Не себепті?

3

Қолдану

1. Ақынның «Бесінші қарасөзде» жалқау кісіні қалай сипаттағанын сызба қолдана отырып, баянда.
2. Қарасөзді оқып, ондағы ой-түйіндерді тауып, «Түртіп алу» кестесіне толтыр.

V – «білемін»	? – «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! – «мені таңғалдырады»


4

Талдау

1. Кестені толтыр. «Жиырма тоғызыншы қарасөз» бен «Бесінші қарасөздегі» мақал-мәтелдердің айырмашылығы мен ұқсастығын жаз.

Ұқсастығы	Айырмашылығы

2. Қарасөздегі жас бала мен ересекті Венн диаграммасында салыстырып, талда.



3. Топтық жұмыс. Дүниежүзіндегі жоғары сұранысқа ие мамандықтар туралы пікірталас ұйымдастырыңдар.
 - 1-топ. Блогер болу үшін қандай қасиеттер мен дағдылар керек?
 - 2-топ. Видеограф болу үшін не істеу керек?
 - 3-топ. Дамыған елдер не себепті темір ұстасын қажет етеді?

1. «Бесінші қарасөзде» сыналған мақалдардың орнына қандай мақал-мәтелдер (нақыл сөздер) ұсынар едің?
2. Жұптық жұмыс. «3-2-1» әдісімен қарасөздегі мәселелерді жинақтап, кестені толтырыңдар.

Жақсы түсінген 3 мәселе			
Қиындық туғызған 2 нәрсе			
Сұрақ туғызған 1 нәрсе			

3. Топтық жұмыс. «Топтық тергеу» әдісімен топтарға бөлініп, жұмыс істеңдер.
«Баяндап берушілер» тобы – қарасөздің мазмұнын баяндайды.
«Зерттеушілер» тобы – қарасөздегі негізгі ойды зерттейді.
«Сұрақ құрастырушылар» тобы – қарасөздегі мақал-мәтелдердің мәнін ашатын сұрақтар дайындайды.
«Жазушылар» тобы – «Ата-баба дәстүрі» тақырыбына шағын эссе жазады.
«Дәнекершілер» тобы – қарасөздегі айтылған кісі мінезін бүгінгі күнмен байланыстырады.



QR-cod арқылы берілген материалды тыңда. Абайдың қарасөзде көрсеткен мақал-мәтелдер мен қазақ бейнесі қазіргі заманда да өзекті ме? Ойыңды дәлелде.



Білгенге маржан

Ақынның шығармаларындағы түйінді ойлар халық аузында жүретін нақылдарға айналды.

Егер де мал керек болса – қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.

Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы.

Сайын Назарбеков



Абайтану әліппесі

Мәтел – өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Мақалға өте жақын. Мәтел сыңар тармақ болып келеді. Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады. Мысалы, «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке» – мәтел. «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке жолығасың» – мақал.

Қанатты сөздер – тұжырымды ой, әуезді ұйқасқа құрылған өрнекті сөз тіркестері. Қанатты сөздер бір сөйлемнен, көбіне егіз, кейде 3–4 шумақтан тұрады. Көлемі бұл мөлшерден артса, нақыл өлең, терме, толғауға айналып кетеді. Өлең түрінде де, сол секілді қара сөз түрінде де кездеседі. Мақал-мәтелдерге ұқсас келеді.

Абай өзінің қарасөздерінде айтар ойын нақтылап, дәйектеу үшін мақалдар мен мәтелдерді пайдаланған. Осы мақал-мәтелдерге өзінің сыни ойларын айтқан.

Қазақ әдебиеті. Анықтамалық



Жазып көр

Қосымша ақпарат көздерінен «Бесінші қарасөзде» көтерілген мәселенің мазмұнын ашатын қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді тауып, дәптеріңе жаз.



Хакімнен үйрен

Қандай мамандық алуды ойлап жүрсің? Мамандық иесі болған соң қайда тұрғың келеді? Ауылда ма, әлде қалада ма? Не себепті?



Кітап – білім бұлағы

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6-том. (Бас редактор Ө.Нысанбаев). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.

Міне, сен Абайдың ізгілік, имандылық туралы мәлімет берген шығармаларынан тұратын бірінші тарауды аяқтадың. Не білдің? Не үйрендің? Көне, өзінді сынап көр.

ӨЗІңДІ ТЕКСЕР

Қайталау тапсырмалары

Топтық жұмыс.

1. Ақынның «Пайда ойлама, ар ойла» деген өсиетін «Жолаушының қойын дәптері» әдісі бойынша өмір шындығымен байланысты талдап көріңдер.
 - 1) Топқа бөлініңдер.
 - 2) Бірінші тараудағы шығармалардан тақырыпқа сәйкес келетін үзінділерді жазып алыңдар.
 - 3) Осы үзінділердің өздеріңе әсерін топ ішінде талқылаңдар.
 - 4) Өз пікірлеріңді жазыңдар.
 - 5) Жазған пікірлеріңді автор орындығында оқыңдар.
2. Төмендегі өлең шумақтары ақынның қай шығармасымен үндес? Пікірлеріңді дәлелдеңдер.

Ант ішіп, күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын.

Абай

3. «Атымды адам қойған соң...» тақырыбында шағын жоба қорғаңдар.

Жұптық жұмыс. Ақынның ізгілік, имандылық, мораль қағидаттары туралы ой-толғамдарын саралаңдар. Әрі қарай эссе жазуды жоспарлау үшін «БҚТЗО» кестесін жұбыңмен толтырыңдар.

Б	Ақын өмір сүрген қоғам туралы не білемін?	
К	Нені білгім келеді?	
Т	Көбірек ақпаратты қайдан табамын?	
З	Нені зерделеуім керек?	
О	Одан әрі не істеуім керек?	

Жеке жұмыс.

1. Кестені толтырғаннан кейін, «Пайда ойлама, ар ойла» деген тақырыпта дәлелдемелік эссе жаз.
2. Ақын портретін ұлттық мүддені көздеген азамат ретінде түйінде.
3. Тест сұрақтарына жауап бер.
 - 1) Ұяты бар адам ұяламын деп ... айтады.
 - A) Көңіл үшін
 - B) Алдау үшін
 - C) Ақиқат үшін
 - D) Көзбояушылық үшін
 - E) Ақталу үшін
 - 2) Әкесінің баласына ұрсу себебі:
 - A) Достық
 - B) Қастық
 - C) Күш көрсету
 - D) Қорқыту
 - E) Басқа амалы жоқ
 - 3) Ақын сынаған мақал:
 - A) Қар жауды деп қуанба, аязы бар.
 - B) Қар қылаумен өседі.
 - C) Қыстағы қар – жер ырысы.
 - D) Қаңтар ауса, қар тұрмас.
 - E) Қалауын тапса, қар жанар.
 - 4) «Жиырма тоғызыншы сөздегі» химиялық элемент:
 - A) Күміс
 - B) Қола
 - C) Қалайы
 - D) Мыс
 - E) Алтын
 - 5) «Бесінші сөзде» қазақтың не үшін қам жейтіні айтылады?
 - A) Тыныштық үшін
 - B) Білім үшін
 - C) Мал үшін
 - D) Әділет үшін
 - E) Ар-намыс үшін

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

1. Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Ұят – адам бойындағы ізгі қасиет, ар-намыс, адамдардың қарым-қатынас мәдениетіндегі ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата білу, түсіну.

Адам мінезі мен қоғам, дәуір бейнесін беретін ақынның осындай өлеңдерінің қатарына «Ұяламын дегені көңіл үшін» туындысы да кіреді.

Ұяламын дегені көңіл үшін,
Ұсақ қулық бір ғана өмір үшін.
Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ,
Жігері жоқ, маңызы жеңіл үшін.

1) Өлеңде не туралы айтылмаған?

- A) Көңіл туралы
- B) Қоғам бейнесі туралы
- C) Адам бойындағы қасиеттер туралы
- D) Табиғат туралы

2) Төменде ұсынылған нақылдарды өзің жалғастыр (дәстүрлі жалғасын алуға болмайды):

- Малыңа сүйенбе, ... сүйен.
- Ұятсыз адам ... де жаман.
- Ұят – жаман ойдың

2. Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Жүректі тау бұлағындай таза, аспан жұлдызындай мөлдір етіп ұстау – адамзаттың міндеті. Өйткені жалыны оттай жайнаған достық та, амал-айласы көп қастық та бір ғана жүректің өмірімен болмақ. Ақын жүректі (ар мен ұятты, әділет пен шапағатты) адам мүшесінің патшасы санаған. Ол жалған сөйлеу, көлгірсу, уәдені бұзу, жазықсыз жанның сыртынан өсек айту, тағы да басқа жаман әдеттерден аулақ болсаң, өміріңнің бақыты сол деген ой айтады.

1) Мәтінде не туралы айтылған?

- A) Жүректің физиологиялық қызметі туралы
- B) Жүректі жуу туралы
- C) Батырлық туралы
- D) Жүректі таза ұстау туралы

- 2) Мәтін идеясы бойынша «Кемел адам» кілті неде?
- A) Достықта
 - B) Жүректе
 - C) Ақылда
 - D) Бақытта

3. Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Абай «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» деген мақал туралы былай дейді: «Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны». Расында да, періштеге алтын не керек? Мүлде оған қажет емес.

«Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» деген мақалдың да мән-мағынасы осыған саяды. Автор оны әшке-релей келе, ата-анасын мал-дүниеге айырбастаған, ант атқан арсызды айыптайды. Ата-анасын малға сату – «Құдайға дұш-пандық іс». «Дәстүрдің де озығы бар, тозығы бар» дегендей Абай: «Осындай білместіктен айтылған сөздерден сақ болу керек», – деген өсиет айтады.

- 1) Үзінді идеясына сай мақал-мәтелді тап:
- A) Анаңа ауыр сөз айтпа!
Атаңа ауыр жүк артпа!
 - B) Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.
 - C) Сайына қарай – саласы,
Әкесіне қарай – баласы.
 - D) Бала – баланың ісі шала.
- 2) Мәтінде айтылған ойды белгіле:
- A) Көрегенділік
 - B) Көргенділік
 - C) Иmandылық
 - D) Мәдениеттілік
- 3) «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» деген сөйлемдегі көркемдегіш құрал:
- A) Эпитет
 - B) Теңеу
 - C) Метафора
 - D) Метонимия

4. Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады. Қазақтар: «Ө, Құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Онысы – жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны. Қайғысы не десең, мақалдарынан танырсың: әуелі – «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Мал – адамның бауыр еті», «Малдының беті – жарық, малсыздың беті – шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым – береген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз – Құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» деген осындай сөздері көп, есепсіз толып жатыр.

1) Мәтінде айтылған ойды белгіле:

- A) Уайым-қайғы
- B) Масылдық
- C) Көрегендік
- D) Шешендік

2) Үзінді идеясына сай келетін Абай афоризмі:

- A) Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
- B) Жасанды кішіпейілділік – жақсы қасиет емес.
- C) «Досыңмын» деп жүріп, дұшпандығын оздырар
жамандар болады.
- D) Қайратсыз ашу – тұл,
Тұрлаусыз ғашық – тұл,
Шәкіртсіз ғалым – тұл.

II ТАРАУ

ЖҮРЕКТЕ ҚАЙРАТ БОЛМАСА

Досым, сен осы тарауда:

- Абайдың жүрек, ақыл, қайрат туралы шығармаларының мәнін түсініп, адамға рухани нәр беретін негіздерді түйсінуге талаптанасың.

Ақын пікірінше, жастық шақ қандай болады екен?

«ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ ЖАЛЫНДАП» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді пайымдап, логикалық, психологиялық кідірістермен мәнерлеп оқу;
- шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау;
- көркем шығармадағы лирикалық образдың жасалу тәсілдерін айқындау;
- өлеңнің тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармаларымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау.

Тірек сөздер

Қайрат
Жүрек
Достық
Ақыл

Сөзмаржан

Бейнет – қиындық
Майда – ұсақ, кішкентай
Сұм-сұрқия – залым, қу

Абай балаларының, айналасындағы жастардың болашағына алаңдап, оларға дер кезінде дұрыс бағыт-бағдар беріп отырған. Оның бірқатар шығармалары осындай мәселеге арналған. Мысалы, «Жастықтың оты жалындап» өлеңінің негізгі идеясы – отты, талапты, қайратты жастық шақты босқа өткізбеу, досқа адал, дұшпанға әділ болып, ақылмен ойланып, сабырлық таныту. Парықсыз адамның сөзіне ермеу, ақылды адамның сөзіне құлақ асу, мақтанға ермей, қайда жүрсе де, өз орнын білуге ұмтылу.

1891 жылы жазылған бұл өлең 4 тармақты 13 шумақтан тұрады.

Абай көбінесе 7–8 аралас буынды өлеңдерін шалыс ұйқас (а-б-а-б) түрімен жазған. Соның бірі – осы өлең. Жанры – поэзия (өлең).

Жастықтың оты жалындап,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арындап,
Әр қиынға салған шақ.

Уайым аз, үміт көп,
Ет ауыртмас бейнетке.
Бүгін-ертең жетем деп,
Көңілге алған дәулетке.

Жастықтың қуаты оттай лаулап, жалындап жанып тұрған шақта адам баласы әртүрлі іске қызығады, ұмтылады. Әр істі жасауға

талабы тасып, қиындықтан қорықпайды. Бұл кезеңде уайым-қайғы жоқ, тек көңілге алған ісіне тез жетуге асыққан үміт қана бар.

Ал көңілге алған дәулетке қалай тез жетуге болады?

Зертте

Ақын неліктен «Құйрығы – шаян, беті – адамнан» сақ болу керектігін ескертеді? Қосымша ақпарат көздерінен шаян туралы мәлімет іздегіріп, ақынның шаянды мысалға алу себебін зертте. Шаянның орнына тағы қандай жәндікті алуға болады?

Қайратпен кіріп, жалынбай,
Ақылмен тауып айласын.
«Мен қалайға?» салынбай,
Жылы жүзбен жайнасын.

Лирикалық образ – сыршыл, өлең-жырлардағы ақынның өз бейнесі. Оның ішкі бітімі, ақынның мың иірім көңіл күйінен, нәзік сыры мен сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер. Лирикалық образ шартты болады.

Абай жастарға қайрат-жігерің қайнап, жалындап тұрған шақта ешкімге жалынып-жалбарынбай, өз ақылыңмен еңбектен. Сондай-ақ ол «Мен ондай емеспін» немесе «Ондай болмақ қайда?» деген сияқты ойлардан аулақ болып, жан-дүниенді, жүрегіңді таза сақта деген де ой тастайды.

Суретпен жұмыс

Адам мамандықты қашан таңдайды? Суреттен қандай мамандық иелерін көріп тұрсың? Оны тағы қандай мамандармен толықтырасың? Ауылға қандай мамандар қажет? Қалаға ше?

«Соңғы сөзді мен айтайын» әдісімен өлеңдегі автор идеясының өмір шындығымен, адами құндылықтармен байланысын талда.



Осындай албырт шақта ақылмен айла таба білсе, яғни қолынан келетін іске адалдықпен ұмтылса, бір кәсіпті меңгеруге болатындығын ескертеді. Өйткені жастық шақ мәңгі тұрмайды, дененің қызуы қайтып, қартайған шақта кәсіп үйрену кеш болады. Сол себепті селтеңдеп, босқа уақыт өткізбей, ата-баба салтымен «кәрі дүниенің» «бір кетігін ұстап» бағу керек.

Жалыны қайтар дененің,
Үнемі тұрмас осы шақ.
Талайғы кәрі дүниенің,
Бір кетігін ұстап бақ, –
дегенде «кәрі дүние» – ата-баба жолы.

Құйрығы – шаян, беті – адам,
Байқамай, сенбе құрбыға!
Жылмаңы сыртта, іші арам,
Кез болар қайда сорлыға.

Досыңа достық – қарыз іс,
Дұшпаныңа әділ бол.
Асығыс түбі – өкініш,
Ойланып алмақ – сабыр сол.

Абай жас уақытта дос таңдауға ерекше көңіл бөлген, өйткені уайымы жоқ жастық шақтағы достық көбіне шынайы болады. Дегенмен бет-бейнесі тым жақсы көрінген кейбір достың іші арам болуы мүмкін. Ондай «достардың» ештеңені білдіртпей, жылмаңдап жүріп, сыртыңнан шаянша шаққанын сезбей де қалуың мүмкін.

Әділеттілікті жырлаған ақын дұшпанға да әділ болу керектігін айтады. Ақын өзі би болып тұрған кезде өзіне қарсы адамдарға да әділетті болған. Ешкімге қиянат жасамаған. Жалпы әрбір қадамды сабырмен, ойланып, ақылмен іс жасаған дұрыстығын ескертіп, «Асығыс түбі – өкініш» дейді.

Ақ көңілді жақсыдан,
Аянбай салыс ортаға.
Ақылы, ары тапшыдан,
Қу сөзін алма қолқаға.

Достығы айқындалған адамнан айырылмау керек. Достар кез келген істе бірге жүріп, бір-біріне көмектескені абзал. Ал ақылы

таяз, ары таза емес адамнан аулақ жүрген дұрыс. Оның мақтап айтқан сөзін «қолқаға алма», яғни оның сөздерін елеме.

Сұм-сұрқиясы көп қу заманда әлі оң-солын танымаған албырт жасқа өмір жайнаған гүл сияқты көрінуі мүмкін. Кеудесі үмітке толып, әр нәрсесін мақтан көріп, оны жұрт қошаметтегенге сеніп қалады. Албырт жастықпен аяғын қалай шалыс басқанын білмей қалады. Сондай жағдайларды көзімен көрген Абай сұм-сұрқияларға арнап:

Ары кеткен алдағыш,
Мені-ақ алда, сөкпейін.
Балы тамған жас қамыс,
Ормасаңшы көктейін! – дейді.

Ақыл-ойы әлі толыспаған жас жеткіншекті жетілмей жатып, өтірік мақтап, пайда ойлату оның алдағы өмір жолына кедергі келтіреді. Ал біреуді алдап, өз өтірігіңе өзің мәз болғың келсе, ақыл тоқтатқан мені ғана алда, ол үшін саған кінә қоймаймын деген астарлы кеңес береді. Абайдың жастарға деген жан дүниесі қандай таза?! «Мені-ақ алда, сөкпейін» деп өз басын жастар тәрбиесі үшін бөйгеге тігеді.

Бұл жерде жас қамыс – жас жеткіншек. Өсіп келе жатқан жеткіншекті жас қамысқа теңеп тұр. Ал желкілдеп өсіп келе жатқан жас қамысты көктемей жатып, орып тастаса, не болады?

Сені жақсы көрмесе,
Сенер ме еді сөзіңе?
«Япырмай!..» деп терлесе,
Ар емес пе өзіңе?

Арамзаның тіліне еріп, тек қана мақтан қуып, кейін опық жеген жас жеткіншек одан: «Аға, мен сізді сондай сыйлаушы едім, сөзіңізге сеніп, сіздің айтқан жолыңызбен жүріп едім. Япырмай, мынауыңыз не?!», – деп таңқалып, қысыла сұраса, ең алдымен, өзіңе ұят келмей ме? – деген мағынасы терең ой айтады.

Бұл өлеңде Абай қайраты күшті жастық шақты қадірлей отырып, ақыл мен жүректі қатар ұстау керек деген өзінің өмірлік ұстанымын көрсетіп отыр. Дәлірек айтқанда, «Жастықтың оты жалындап» тұрған шақта әр нәрсенің басын шалып, қызықдуман қуып, уақытты босқа өткізіп алма. Ата-бабамыздың өнегелі тәрбиесінен үлгі ала отырып, тек пайда, мақтан ойламайтын

дұрыс жолды ғана таңдай біл дейді. Абай атамыздың «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңіндегі: «Сен де бір кірпіш, дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан» деп келетін өсиеті – осы туындысында да адастырмас темірқазық.

1

Білу

1. Абай «Жас жүректе жанған шақ» деп қай кезді айтты?
2. Жастық шақтың белгілері қандай? Өлеңнен мысал келтір.
3. Ақын жастарды қандай болмауға шақырды?

2

Түсіну

1. Өлеңде неліктен «ақыл» сөзі бірнеше рет қолданылған?
2. «Жастықтың оты» дегенді қалай түсінесің?
3. Неге асығыс түбі – өкініш?

3

Қолдану

1. Жұптық жұмыс. Өлеңді логикалық, психологиялық кідірістермен оқыңдар. Абайдың «Жастықтың оты» туралы ой-тұжырымдарын «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы өлеңнен дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ойларыңды жазыңдар.
2. Өлеңді оқи отырып, ауыспалы мағынадағы сөз тіркестерінің мағынасын ашып, кестені толтыр.

Сөз тіркестері	Мағынасы
Жастықтың оты	
Жас жүректе	
Ет ауыртмас	
Қайратпен кіріп	
Ақ көңілді	
Балы тамған	

4

Талдау

1. Өлеңдегі және өз өміріңдегі (қыз бала мен ұлға қатысты) жастық шақтың сипатын «SWOT-талдау» әдісімен талда.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер


2. Шығармада қандай көркемдегіш құралдардың қолданылып тұрғанын анықтап, олардың қызметін талда.

Көркемдегіш құралдар	Қызметі

5

Жинақтау

1. Топтық жұмыс. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын <https://adebiportal.kz/kz> немесе <https://kitap.kz/> сайттарынан автордың осы тектес өзге де шығармаларынан тауып жинақтап, оларды салыстырыңдар.



2. Махмұт Қашқаридың: «Жасында тырысқан – қартайғанда қуанады», – деген сөзін пайдаланып, ересектерден сұхбат ал. Жұмысыңды қорытындылап, жоба жаса.

6

Бағалау

1. <https://bilimdinews.kz/?p=116284> сілтемесіндегі материалды оқып, баға бер. Автордың пікірімен келісесің бе?
2. Жастық шақты қалай өткізу керек? Өз ойыңмен жазбаша бөліс.
Қазіргі кезде сені не қынжылтады?



Білгенге маржан

Жас – адам ғұмырының белгілі бір кезеңін белгілейтін өлшем. Адамның жан-жақты дамуының көрсеткіші.

- 1) 1 мен 3 жас арасында сәбилік кезең;
- 2) 3 пен 7 жас арасында бүлдіршіндік кезең;

- 3) 7 мен 9-дың арасында балдырғандық кезең;
- 4) 10 мен 14-тің арасында жеткіншектік кезең;
- 5) 15 пен 18-дің аралығында жасөспірімдік кезең;
- 6) 18 бен 25-тің аралығында жастық шақ;
- 7) 26 мен 39-дың аралығында есейген шақ;
- 8) 40 пен 59-дың аралығында кемел шақ;
- 9) 60 пен 70-тің аралығында егде шақ;
- 10) 71–100...-дің аралығында қарттық шақ.

Күлмәш Елшібаева



Абайтану әліппесі

Ұйқас – өлең-жырларда тармақтың соңындағы бірнеше буынның өзге тармақтағы сәйкес буындармен үйлесуі. Жалпы ұйқас ырғақты күшейтеді, тармақ жіктерін ажыратады.

Абай өлеңдерінде ұйқастың қазақ әдебиеті теориясында айтылатын түрлерінің (қара өлең ұйқасы, шұбыртпалы, ерікті, кезекті, шалыс, егіз, аралас ұйқастар) бәрі бар.

«Абай» энциклопедиясы



Жазып көр

1. «Жастықтың оты жалындап» өлеңінің шалыс ұйқаспен жазылғанын дәлелде.
2. Ақынға еліктеп, шалыс ұйқас (а-б-а-б) түрімен өзің туралы бір шумақ өлең жазып көр.



Хакімнен үйрен

Өзіңе досты қалай таңдайсың? Болашақта досыңмен ашатын кәсібіңнің моделін жаса. Оны сынып алдында қорға.



Кітап – білім бұлағы

Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011.

Жүректе қайрат қайдан пайда болады екен?

«ЖҮРЕКТЕ ҚАЙРАТ БОЛМАСА» ӨЛЕҢІ

Менгерілетін білім:

- мәтіндегі тілдік бірліктердің дербес және мәнмәтіндегі қызметін түсініп, идеялық мазмұндағы маңызын айқындау;
- шығарманы композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындау, жоспар құру;
- әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.

Тірек сөздер

Ақыл
Жүрек
Қайрат

Абайдың 1898 жылы жазылған «Жүректе қайрат болмаса» деген өлеңінің негізгі идеясы – адам болу, адамға ғана тән асыл қасиеттерді сақтай білу. Ақынның «Жастықтың оты жалындап» өлеңінде айтқан ойы «Жүректе қайрат болмаса» өлеңінде жалғасын табады. Жалпы ақын көптеген шығармаларында «жүрек» сөзіне үлкен маңыз беріп, оқырмандарды өз жүрегіне құлақ асуға шақырады.

Жанры – поэзия (өлең). Өлең 4 тармақты 5 шумақтан тұрады, 7–8 буынды шалыс ұйқасқа (а-б-а-б) жатады.

Адамның адамдығы неден көрінеді?

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.

Суретпен жұмыс

Адамдағы жүрек, қайрат, ақылдың көлемі қандай болу керек? Суреттегідей болғаны дұрыс па? Пікіріңмен бөліс.



Ең алдымен, адам бойында қайрат, күш-жігер болу керек. Екіншіден, сол күш-жігерді жүрекке билету керек. Үшіншіден, бойындағы күш-қайратты оқу-білімге жұмсасаң, ақылға сәуле қонады, яғни ойланып, шешім қабылдауға шамшырақ жарық түседі. Ал осы үшеуі болмаса, адам баласы хайуанмен тең деген ой айтады.

Абай ойынша, ақыл қайраттан асу керек. Өйткені бойындағы табиғат берген күш-қуатты, қайрат-жігерді тек қана ойын-күлкіге, тиімсіз шаруаларға жұмсасаң, ақыл толыспайды – ақыл адасады.

Ал ақыл адаспау үшін не істеу керек?

Ол үшін оқу-білім, өнер үйреніп, белгілі бір кәсіпті меңгеруге талпыну керек. Мұны Абай «Тереңге бармас, үстірттер» деген бір жолға сыйғызып жіберген, яғни әр нәрсені шала танып, бетін ғана қалқып, тереңге бойламай, үстірт ойлайтындар түбінде опық жейді. Өйткені күш-қайрат мәңгі тасып тұрмайды, қартайғанда кез келген адам ойы шар тартады, (өлсірейді, ұмытшақтық пайда болады) сол кезде жас уақытында үстірт ойлап, «ауырдың үсті, жеңілдің астымен» жүргендер жаңалыққа ұмтылмақ түгілі, жас күніндегі азын-аулақ үйренгенінен де айырылып қалады. Себебі тереңнен бойлап, көкіректе пісірмеген шала білім дамымайды, тез ұмытылады.

Ал білгенін ұмытып, ойы күңгірт тартқан адамның айналасына пайдасы тие ме?

Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер.
Қартыңның ойы шар тартқан
Әдеті жеңіп күңгірттер.

Жан мен тән адамда да, мал-хайуанда да бар. Бірақ хайуанда ақыл мен ой, сезім жоқ. Хайуан адамша ойлап, адам сияқты өртүрлі көңіл күймен жүре алмайды. Сезімін тілмен жеткізіп, айта алмайды. Ал адам баласы ақыл мен ой, тіл мен сезім берген ерекше тірі жан иесі болғандықтан, ол хайуанша өмір сүрмеу керек. Оқу-білім үйренуге, саналы ғұмыр кешуге жастайынан



Сөзмаржан

Ақылға сәуле қонабау – бұл жерде: ақылсыздық

Қартыңның ойы шар тартқан – бұл жерде: көнерген, егде тартқан

Үстірт – ұшқары, атүсті. Үстірт айтылған сөз. Үстірт көзқарас. Үстірттер – үстірт ойлайтын адамдар

Надан – топас, парықсыз

Зертте

Тотықұс қалай сөйлей алады? Оларда ақыл, ойлау қабілеті бар ма?

талпыныс жасаса, тереңге бойлайды, ал тереңнен тартып, оқып-білген адам ұзаққа шабады. Еліне, жұртына пайдасы тиеді, атағы шартарапқа танылады.

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?

«Адам» мен «надан» ұғымын бір-біріне қарама-қарсы қойған ақын «Атымды адам қойған соң» деген сөзді тегін айтып отырған жоқ. Өйткені Абайдың шын аты Ибраһим – Құраннан алынған қасиетті пайғамбардың есімі. Туғанда осы аттас елдегі қадірлі адамдар есіміне де қарап, «адам болсын, адамзатқа пайдасы тисін» деп ырымдап, есімін қойғандықтан, ақын «Қайтіп надан болайын?» дейді. Алайда сөзін ұғарлық жан таппай, дал болады.

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!

Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп басталатын өлеңінде «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» адамдықты биік шыңға шығарады. Күллі адамзат баласын бойына тарта білген ақын «Адам болу деген» ұғымға ерекше мән береді. Өйткені ақыл мен сезім, мейірім мен тазалық, әділет пен шапағат идеясы күллі адамзатқа тән. Сондықтан Абай айтқан сөз – қазаққа ғана емес, баршаға ортақ.

1

Білу

1. Абайдың бұл өлеңі кімдерге арналған?
2. Өлеңдегі басты тақырып не?
3. Өлеңнен заман шындығы көріне ме?

2

Түсіну

1. Не себепті ақын:
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек, – деген?
2. Абай неліктен «ақыл» сөзін өлеңде баса айтқан?
3. Ақынның өлеңде «надан» сөзін қолдану себебі неде?

1. Жүрек пен қайрат, ақыл ұғымдарын қатар қою арқылы ақын не айтқысы келген?
2. «Қайрат», «жан», «терең» сөздерінің жеке және мәнмәтіндегі қызметтерін анықта.
3. «Атымды адам қойған соң» сөз тіркесінің идеялық маңызын айқында.
4. **Топтық жұмыс.** «Тыңдайтын үшбұрыштар» тәсілімен жұмыс істеңдер. Ол үшін 3 адамнан тұратын топтарға бөлініңдер: спикер, сұхбат алушы және хатшы.

Әрбір топ өзара жеке-жеке жұмыс жүргізеді.

Спикер мұғалімнің нұсқаулығы бойынша өлеңдегі көтерілген мәселе туралы өз ойымен бөліседі.

Сұхбат алушы оны мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды.

Хатшы үдерісті бақылайды.

Соңынан топтар жұмысының қорытындысын шығарып, жарияландар.

1. «Жастықтың оты жалындап» және «Жүректе қайрат болмаса» өлеңдерін Венн диаграммасында салыстыр. Екі өлеңге ортақ қандай үйлесімділік бар?
2. Өлеңді композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындап, жоспар құр.

1. **Топтық жұмыс.** «Жүректе қайрат болмаған соң...» деген тақырыппен қазіргі жастардың арасындағы өздеріңді қынжылтатын жайттар жөнінде пікірталас ұйымдастырыңдар.
2. «Өзіме хат» тәсілімен өлеңде көтерілген мәселе бойынша өзіңе өзің хат жаз. Оны электронды пошта арқылы мұғалімің мен сыныптастарыңа жөнелт.

«Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!» деген сауал бүгінгі күн тұрғысынан өзекті ме?



Білгенге маржан

...Жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады».

Абай



Абайтану әліппесі

Сыни мақала – әдеби сынның негізгі жанрларының бірі. Сыни мақалада көркем шығарманың тақырыбына, идеялық мазмұнына, тілі мен стиліне талдау жасалып, баға беріледі.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Берілген бағытқа сүйеніп, шығарманың тарихи құндылығы туралы шағын сыни шолу жаз:

- 1) өлеңнің өзіңе ұнаған тұсы (2-ден кем емес);
- 2) оны былай түсіндіремін (Неге? Неліктен?);
- 3) оған мынадай мысалдар келтіремін (үзінді);
- 4) оған осылай ойтұжырым жасаймын.



Хакімнен үйрен

Сен жүрегіңе күш-жігеріңді билетесің бе? Қайратыңды неге жұмсайсың?



Кітап – білім бұлағы

Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т. 1. – Алматы: Жазушы, 2002.

ЖИЫРМА ҮШІНШІ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- шығармадағы көркем-дегіш құралдардың қолданысын талдау;
- қарасөздегі автордың түйінді ойын ментальді карта қолдана отырып, баяндау;

Тірек сөздер

*Адамгершілік
Надандық
Қуаныш
Жұбаныш*

Сөзмаржан

Тоқмейілсу – азын-аулақ дүниеге мәз болып, өзіне-өзі риза болу
Қоянның кеуегі – қоянның іні

Оп – терең құз, ор

Хикмет – адамдық құндылықтардың ең жоғарғысы. Бұл тек теория немесе логика жолымен ғана емес, сонымен қатар өзінің көңіл көзін ашудың, өзін-өзі табудың нәтижесінде жүзеге асатын жүйелі интуициялық ақиқатқа негізделген ілім

Абайдың «Жиырма үшінші қарасөзі» «Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш бар» деп басталады. Мұнда жекелеген адамдардың қуанбасқа қуанып, жұбанбасқа жұбанататын ақылсыз мінез-құлқын сынайды.

Идеясы – адам бойындағы рухани асыл қасиетті дұрыс бағытта ұстай білу. Жанры – проза (публицистика).


Қарасөзде Абай кейбір адамдардың түкке тұрғысыз нәрсені қуаныш көретініне қынжылады. «Оның қуанышы – елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса, қуанады», – дейді. Абайша айтқанда, елдегі үлгі-өнегесі жоқ бір адамды мысалға алып, сонымен өзін салыстырып, «оған қарағанда мен таза, сәулелі кісі емеспін бе» деп мәз болғанның несі қуаныш? «Оған Құдай Тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң, болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеуір өзіңнен наданшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп?», – дейді. Абайдың пайымдауынша, былайғы уақытта көзге елене бермейтін жай бір жүрген адаммен ғана өзін салыстырып, «мен одан артықпын» деу – дұрыс емес. Сондай-ақ 100 аттың ішінен өз аты «бәйгеден келсе, жарар». Ал аты бәйгеден келмесе де, «алдыңда неше ат бар? деп

сұрар, артыңда неше ат бар еді?» деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?». Бұл жерде Абай парықсыз, надан адамның түсінік-түйсігін сынап отыр.



Суретпен жұмыс

Суретті «Жиырма үшінші қарасөзбен» байланыста түсіндір.



Енді жұбанышы неде?

«Жұбанышы – жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, «көптен көрген ұлы той», көптен бірге болсақ, болады да деген сөзді жұбаныш қылады», – дейді. «Оған Құдай Тағала айтып па, көптен қалмасаң, болады деп. Көпке қаһарым жүрмейді деп. Көпке тұзағым жетпейді деп пе? Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Ақын басқа бір шығармасында: «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз», – дейді. Бұл жан-жағындағыларға емес, осы ғалым сияқты ілім-білімге ұмтыл дегенді білдіреді.

Зертте

Рухани жағынан өсуі үшін адамдарға қандай әдебиеттер оқуды ұсынар едің?

Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің аты арығаны жақсы ма? Жоқ, жармысы арыса, жармысының күйлісі жақсы ма? Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма? Осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш? Тұқымымызбен аузымыз сасық болушы еді деген жаман күйеу қалыңдығын жеңіп пе? Көңілін сол сөзі разы қылуға жетіп пе? Ендеше, көбіңнен қалма, сен де аузыңды сасыта бер деп пе?!», – дейді.

Бұл жерде автор өзін көпшілікпен салыстырып, көптен қалмасам, болды деп тоқмейілісін адамдарды сынға алады. Себебі ғылымды да, даналықты да тарататын – көп емес, бір-ақ адам. Сондай адамды қадірлеп-қастерлей білу керек. Жолдан адасқан жолаушылардың ішінде жер жағдайын жақсы білетін бір адам бәрін аман-есен баратын жеріне бастап апарса, жаман бола ма? Сондай адам бәрінен артық. Жаңағы ақымақ адамның ойынша, жұт болған жағдайда барлық мал қырылып қалуы керек сияқты. «Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма?» – деп, Абай «көпшілік» пен «азшылықтың» аражігін ажыратып береді.

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының «Қияда» (1-том) тарауында: «Жұт деген жоқшылық, қысталаң, апат деген осындай боп қақ қасына келгенде, Абай ел тірлігінің барлық қайғылы сорын көрді. Өз ойының ауыртпалығы Абайға барлық тірлікті соншалық татымсыз, жалған етіп көрсетті... Малдарын күресін қардың арасына тығып, қоянның кеуегіндей оптың ішін паналаған жандарға жаны ашыды. Әрбір ауылдың үлкендеріне соңғы рет қайтадан соғып:

– Тоңғандарыңмына түс-тұсыңдағы ауылдарға барып, жылынып қайтыңдар. Бір-бір мезгіл ыстық ішіндер. Осы қорықтарда отырған ауылдардың бәрі де ағайын ғой. Құмайды. Жасқанбаңдар!.. деді. Онсыз да малдары үшін Абайға алғыс айтып жатқан кәрілер енді біржолата жұттан құтылғандай көтеріліп қалды». («Абай жолы», 146 б.) Осындай қауырт шұбап келген ағайынды Абайдың әжесі Зере мен шешесі Ұлжан қыс бойы паналатып, көп көмектеседі.

Абай «Сәулең болса кеудеңде» деген өлеңінде:



Единица – жақсысы,
Ерген елі бейне – нөл...
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл, –

деп жеке тұлғаның қадір-қасиетін ашып береді.

«Жиырма үшінші қарасөзінде» де дара тұлғаның (ғалым, дана, шешен, іскер адам т.б.) сөзін ұғып, көңілге тоқу керек, адам баласы құрғақ мақтанмен емес, оқу-біліммен, ақыл-ойымен бір-бірінен озу керек деген ой тастайды.

1

Білу

1. «Жиырма үшінші қарасөздің» мазмұны не туралы?
2. Қуаныш деген не? Сен қандай кезде қуанасың?
3. Жұбаныш деген не?

2

Түсіну

1. Неліктен Абай ел ішіндегі келеңсіздікті қарасөзге арқау етті?
2. Абай неліктен «Қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш» дейді?
3. Неге автор: «Жақсыға салысып, жақсы болады» дейді?

3

Қолдану

1. Мәтінді пайымдап, бөліктерге бөліп оқы.
2. Топтық жұмыс. «Серпілген сауал» әдісімен қарасөзде қойылған риторикалық сұрақтарға жауап беріңдер.

4

Талдау

1. Қарасөзде қандай көркемдегіш құралдардың қолданып тұрғанын анықтап, олардың қызметін талда.
2. Жұптық жұмыс. Абайдың «Қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш» деген сөзін қазіргі заман тұрғысынан салыстыра талдап, мысал келтіріңдер.

Қуаныш	Жұбаныш

5

Жинақтау

1. «Үш сұрақ» тәсілі бойынша сұрақтарға жауап бер:
 - 1) Абайдың осы қарасөзді жазудағы мақсаты неде?
 - 2) Абай қарасөздегі сұрақтарды кімге қойды?
 - 3) Абай қазір осы сұрақтарды қояр ма еді?
2. Қарасөздегі автордың түйінді ойын ментальді карта қолдана отырып, баянда.
3. «Хикмет көптен тарай ма?» деген сауалды QR-cod-тағы материалмен (48-бет) және Әлихан Бөкейханның «Абай – қазақтың жалғызы» деген пікірімен байланыстырып, дәлелдемелік эссе жаз.

6

Бағалау

https://adebiportal.kz/kz/multimedia/audio/abai_kunanbaiuli_kara_sozderi_340 сілтемесінен аудиожазбаны тыңдап, диктордың ақын сезімін қалай жеткізгенін бағала.

Қандай қуаныш пен жұбаныш қазақ халқын дамыған елдің қатарына қосуы мүмкін?



Білгенге маржан

Жалпы алғанда Абайдың осы барлық қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны боп қалыптанады. Бұлар – сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стыль, мазмұны жағынан алғанда, осы шығармалар – Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді.

М.Әуезов



Абайтану әліппесі

Өсиет – жазбаша түрде немесе ауызша айтылып, қалдырылған ақыл-кеңес, талап-тілек.

Толғау – 1) Халық поэзиясында кең таралған, белгілі бір оқиғаға немесе біреуге арнап өлеңмен жазылған жыр. 2) Арман-тілек.

Ақын қарасөздерінің біразы өсиет, толғау түрінде жазылған.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

1. «Жиырма үшінші қарасөзде» өсиет басым ба? Өлде арман-тілек пе?
2. Өзің құрбы-құрдастарыңның қандай мінез-құлқын сынға алар едің? Оларға қандай кеңес айтасың? Жазып көр.



Хакімнен үйрен

Өзіңнің талабыңды қанша пайызбен өлшейсің? Оны арттыру үшін не істейсің?



Кітап – білім бұлағы

1. Абай қарасөздері. – Алматы: Ел, 1993.
2. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. Монография. – Алматы, 1967.
3. Түңлікбаев М.Қ. Ел тарихы – ел аузымен. – Семей, 2020.

«Талапты ерге нұр жауар» деп кімдерге айтылады?

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- қарасөздегі автордың түйінді ойын, сызба қолдана отырып баяндау;
- шығарманың тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармасымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау.

Тірек сөздер

Талап
Адалдық
Бәрежелді
Көкірек көзі

Сөзмаржан

Харекет (арабша) – әрекет, қимыл, іс, кәсіп, талап. Абай «Өзім әңгімесі» деген поэмасында «Харекетім – суретші, бояушылық» деп, бас кейіпкердің кәсібіне сипаттама береді

Тоғышар – ой-өрісі тар, ұсақ адам

Зертте

Интернеттен кәсіпкер-балалар туралы зертте. Олар өздеріне қандай талаптар қойған?

Абай «Қырық төртінші қарасөзін»: «Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады», – деп бастап, талаптың өзі де түрлі-түрлі болатынын атап көрсетеді. Идеясы – адалдықпен талаптану. **Жанры** – проза (публицистика).

Талап – ақынның жиі қолданған сөздерінің бірі. Кез келген адам талапты не талапсыз болсын, істеген ісінен қанағат тауып, «бәрежелді» деп қолдайтын сөзді күтеді. Бастаған ісі орынды ма, орынсыз ба, оған мән беріп жатпайды, бірақ «жақсы іс бастапсың» деген сөзді көңілі іздеп тұрады. Сондай-ақ жаңа іс бастаған адам қасына серік іздейді, бірақ одан мақтау күтпейді. Өйткені оған басқалардың пікірі құндырақ.

Көп талаптың ішінде адам баласы, ең алдымен, қадірлі болғысы келеді. Кейбіреулері кез келген жолмен байығысы келеді. Осы жолда «сараңдықпен, арамдықпен» болса да, «әйтеуір мал тапсам» дейді. «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтұғын, «Малдының беті жарық» дейтұғын мақалға сеніп, талап етеді. Өйткені бай адамды жұрт сөге алмайды, мал (ақша) табу – өрі пайда, өрі қасиет деп қарайды. Абай: «Мұнысы рас», – дейді. Бірақ малды адалдықпен, ақылмен ойлап табу керек. Әйтпесе бұл «көңіл жиіркенетұғын іс» болмақ. «Осыған орай, біреу «батыреке» атанамын, біреу «қажеке» атанамын, біреу «молдеке» атанамын, біреулер «білгіш», «қу», «сұм» атанамын деп, сол харекетте жүр» дейді.

Әрқайсысы «бәрежелді» деген сөзді есту үшін тапқан табысын жалпы жұртқа және серіктестеріне бұлдамақ болып, «осыным бірсыпыра елеу азық болар» деген талаппенен әрекет етеді, яғни елеулі, атақты болам деген сөз. «Мұнысы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайды-дағы, «мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп қам-қарекет жасайды. Бірақ кітаптан оқып, ізденіп, бастаған ісін жан-жақты талаптанып, дамытпайды. Бұл – «талап емес» дейді. Егер кітаптан оқып, талап етсе, көкірек көзі таза болады. Сонан кейін ғибадат етсе, жарасады. Талап етіп, іс бастаған адамның өзгеге шапағат нұры төгілуі керек. Ал қазақтың көпшілігі айналасына қарап, «көкіректі тым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды» деп әрекеттенеді. Абай қарасөзі «Енді осыған қарап, қайдан оқып, біліп, ұмтылған талап екенін білерсің» деп аяқталады. Абай айтып отырған талап етушілер – тоғышар адамдар. Бұлар кітаптан оқып үйренбей, жеңіл мақтан үшін сауатсыз әрекет етеді. Рухани тазалық, жан-дүние мәдениетінен жұрдай адамдардың талабын Абай жоққа шығарады. Өйткені адам баласы қандай жағдайда болмасын, «Адам» деген атқа кір келтірмеу керек. Бұдан адамгершілік шығады. Абай талап етушілерге арамдықпен, қулық-сұмдықпен емес, оқу-біліммен және «көкіректі таза ұстау» арқылы мақсатқа жету керек деген талап қояды.

Қазақ талап туралы не дейді? «Талапты ерге нұр жауар» дейді. «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» деп Абай айтқандай,



Суретпен жұмыс

Сен «Абай биігі» дегенді қалай түсінесің? Оған жету үшін қандай талаптарды орындау керек? Сурет мазмұнына тағы не қосар едің?



талаптанған адам жай адам емес, ер, қайратты, оқу-біліммен сусындаған, адамгершілік қасиеттерді бойына жинақтаған болуы керек. Сонда ол талапты ер болады. Абайдың өзі де осы қарасөзінде «ер атанбаққа» деген сөзді тегін алып отырған жоқ. Бір ауыз сөзбен айтқанда талапты адам батыл, ер болу керек.

Абайдың талап туралы қозғап отырған мәселесі – бүкіл адамзатқа айтылып отырған ақылы мен өсиеті.

1

Білу

1. Талап деген не?
2. Талаптың қандай түрлері болады екен?
3. Абай осы қарасөзде нені жеткізгісі келген?
4. Сен қандай мамандықтың иесі болғың келеді?

2

Түсіну

1. Абай шығармаларында неге «талап» сөзін жиі қолданған?
2. Неліктен ақын «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» деген?
3. Не себепті көп адамдар «бәрежелдіні» керек қылады?
4. Не үшін алдымен көкіректі тазалау керек?

3

Қолдану

1. Талапты адам қандай болу керек? «Креативті жазу» әдісімен қарасөздегі теріс қылықтарды оң қасиетке айналдырып жаз.
2. «Талап» сөзі кездесетін ақынның басқа шығармаларын тауып оқы.

4

Талдау

1. Талапты және талапсыз адамдарға тән қасиеттерді талдап, сызбаға толықтыр.

Талапты
адам

Талапсыз
адам

2. Жұптық жұмыс. Қарасөзде кездескен мақал-мәтелдердің идеясын талдаңдар.

5

Жинақтау

1. «Қазына іздеу» әдісімен қарасөздегі құнды пікірлерді теріп жаз.

2. **Топтық жұмыс.** «Шеринг» әдісі арқылы ой бөлісіңдер. Шеңбер бойымен отырып, жүргізуші бастап, қарасөздегі автордың түйінді ойын барлық оқушы сызба қолдана отырып, қорытындылайды. Идеялар қайталанбауы керек.

6

Бағалау

Шығарманың тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармалармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағала.



Білгенге маржан

Абай «Қырық төртінші сөзінде»: «Адам баласының ең жаманы – талапсыздық», – дей отырып, талаптылар ішінен көкірегі таза емес талаптыларға қатты шүйлігеді. Ақынның «көкірек тазалығы» деп атаған кісілік қасиетке қатты көңіл бөлген адам екені әр сөзінен көрінеді. Жалған діндарлық пен жасанды қылықтыларды имансыздар дейді.

Сайын Назарбеков



Абайтану әліппесі

Стиль – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы. Абайдың қарасөз стилі қайталанбайды.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Ақын стиліне еліктеп, «Талапты ерге нұр жауар» тақырыбында өз пікіріңді жаз.

Хақімнен үйрен

Өз болашағыңды қалай елестетесің? Ақынның қандай өсиетін бағдар етіп аласың?



Кітап – білім бұлағы

Сүйіншәлиев Х.Ж. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992.

Міне, сен «Жүректе қайрат болмаса» деп аталатын екінші тарауды аяқтадың.

Не білдің? Не үйрендің? Көне, өзінді сынап көр.

ӨЗІНДІ ТЕКСЕР

Қайталау тапсырмалары

Топтық жұмыс.

1. «Қайрат жүрекке не үшін қажет?» деген сауалды «Үлкен шеңбер» әдісімен талдап көріңдер.
 - 1) Шеңберде отырған әрбір оқушы осы сұраққа жауап жазады.
 - 2) Оқушылар кезекпен өз жауаптарын оқиды. Топ бұл жауаптарды сынамай тыңдайды. Бірақ әңгіме бойынша тақтаға жазылып тұратын ортақ шешімге қосу, қоспауды дауысқа салады.
 - 3) Ең соңында қорытынды шығарылады.
2. Төмендегі өлең шумақтары ақынның қай шығармасымен үндес? Пікірлеріңді дәлелдендер.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.

Абай

3. «Адамға рухани нәр беретін негіздер» тақырыбында шағын жоба әзірлеңдер.

Жұптық жұмыс.

Кестені толтырыңдар.

Абай – рухани бағыт беруші	Абайдың рухани бағыт беруші екеніне 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 дерек келтір
	1.	1.
	2.	2.
	3.	3.

Жеке жұмыс.

1. Ақын шығармаларының тәрбиелік маңызын түйінде.
2. «Жүректе қайрат болмаса...» деген тақырыпта аргументті эссе жаз.

3. Тест сұрақтарына жауап бер.
1. Ұйықтаған ойды не түртеді?
 - A) Ақыл
 - B) Қайрат
 - C) Жүрек
 - D) Ұят
 - E) Сенім
 2. Айланы немен табады?
 - A) Ақылмен
 - B) Қулықпен
 - C) Алдаумен
 - D) Қорқытумен
 - E) Қайратпен
 3. Қазір надандық мәселесі неге жоқтың қасы?
 - A) Білімді болғандықтан
 - B) Ақылды болғандықтан
 - C) Айлакер болғандықтан
 - D) Адам болғандықтан
 - E) Көпті көргендіктен
 4. «Жиырма үшінші сөздегі» қазақты оңдырмайтын не?
 - A) Жалқаулық
 - B) Білімсіздік
 - C) Жұбанушылық
 - D) Талапсыздық
 - E) Немқұрайдылық
 5. «Қырық төртінші сөздегі» адамның ең жаманы қандай?
 - A) Жалқау
 - B) Білімсіз
 - C) Талапсыз
 - D) Арсыз
 - E) Қызғаншақ

**Халықаралық зерттеулер
форматындағы тапсырма үлгілері**

1. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орында.

Абай жастарға қайрат-жігерің қайнап, жалындап тұрған шақта ешкімге жалынып-жалбарынбай, өз ақылыңмен әрекет ет. «Мен ондай емеспін» немесе «Ондай болмақ қайда?» деген сияқты ойлардан аулақ болып, жан-дүниенді, жүрегіңді таза сақта деген ой тастайды.

Осындай албырт шақта ақылмен айла таба білсе, яғни қолынан келетін іске адалдықпен ұмтылса, бір кәсіпті меңгеруге болатындығын ескертеді. Өйткені жастық шақ мәңгі тұрмайды, дененің қызуы қайтып, қартайған шақта кәсіп үйрену кеш болады. Сондықтан селтеңдеп, босқа уақыт өткізбей, атабаба салтымен дүниенің «бір кетігін ұстап» бағу керек.

- 1) *Қайрат-жігері қайнау, жан дүниені таза сақтау, дүниенің тетігін ұстау, албырт шақ* сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағыналарын анықта. «Құндылықтар спектрі» әдісі бойынша олардың мәтіндегі қолданысын көрсет.
- 2) Үзіндідегі «көрі дүние» сөзінің синоним, антонимдерін жаз. Олармен сөйлем құрастыр.

Талайғы көрі дүниенің,
Бір кетігін ұстап бақ.

Синонимі –
Антоним –

2. Олең үзіндісін оқып, төмендегі тапсырманы орында.

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.

Адам ағзасының жұмысын автор идеясымен байланысты түсіндіріп жаз. Қанша ағза мүшелері туралы айтылған?

3. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орында.

Абайдың «Жиырма үшінші қарасөзі»: «Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш бар», – деп басталады. Мұнда жекелеген адамдардың қуанбасқа қуанып, жұбанбасқа жұбанататын ақылсыз мінез-құлқын сынайды.

«Оның қуанышы – елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса, қуанады».

«Жұбанышы – жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүрғой, «көппен көрген ұлы той», көппен бірге болсақ, болады да деген сөзді жұбаныш қылады», – дейді.

- 1) Қарасөздегі елдің қуанышының себебі:
 - A) Елдегі жақсы адамға қуану
 - B) Елдегі кедей адамға қуану
 - C) Елдегі жаман адамға қуану
 - D) Кез келген жайтқа қуану
- 2) Үзіндінің екінші бөлігіне сай келетін мақал:
 - A) Көп қорқытады, терең батырады.
 - B) Көптің қолы көкке жетеді.
 - C) Көптің көзі көреген, қолы берген.
 - D) Көпке қорлық жүрмейді.

4. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орында.

Абай «Қырық төртінші қарасөзін»: «Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады», – деп бастап, талаптың өзі де түрлі-түрлі болатынынын атап көрсетеді.

Талап – ақынның жиі қолданған сөздерінің бірі. Кез келген адам талапты не талапсыз болсын, істеген ісінен қанағат тауып, «бәрекелді» деп қолдайтын сөзді күтеді. Бастаған ісі орынды ма, орынсыз ба, оған мән беріп жатпайды, бірақ «жақсы іс бастапсың» деген сөзді көңілі іздеп тұрады.

Көп талаптың ішінде адам баласы ең алдымен, қадірлі болғысы келеді. Кейбіреулері кез келген жолмен баю жолын іздейді. Осы жолда «сараңдықпен, арамдықпен» болса да, «әйтеуір мал тапсам» дейді.

- 1) Қарасөздегі басты түйін сөз:
 - A) Қадірлі
 - B) Талапты
 - C) Талапсыз
 - D) Мал табу
- 2) Мына мақал-мәтелдердің қайсысы жоғарыдағы мәтіннің мәнін ашпайды?
 - A) Талап – талмас қанат.
 - B) Талаптыға нұр жауар.
 - C) Талаптыға жол бер,
Өнерліге қол бер.
 - D) Талабы жоқ,
Жалынсыз шоқ.

III ТАРАУ

ЖАҚСЫ АТ ПЕН ТАТУ ЖОЛДАС – БІР ҒАНИБЕТ

Досым, сен осы тарауда

- қазақтың ұлттық мәдениеті мен саятшылық өнерінен түсініктеріңді кеңейтесің;
- көркемдік танымдарыңды дамытасың;
- қазақ қауымындағы кейбір мінез-құлықты саралап танитын боласың.

Ақын аңшылықты жақсы көріп, бірнеше шығармасын арнаған. Кәне, біреуін оқып көрейік.

«ҚАНСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді пайымдап, логикалық, психологиялық кідірістермен мәнерлеп оқу;
- шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындау, жоспар құру;
- әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу;
- көркем образдардың тұлғалық ерекшеліктерін ашудағы автор шеберлігіне баға беру.

Тірек сөздер

*Саятшылық
Қансонар
Ұлттық дәстүр*

Зертте

- 1.«Үйірімен үш тоғыз» мағынасын қосымша әдебиеттерге сүйеніп, зертте.
- 2.Көктемде не себепті аң-құстарды аулауға болмайды?

Абайдың 1886 жылы жазылған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің негізгі идеясы – алғашқы қар жауған кездегі саятшылық қызығы. Жанры – поэзия (өлең).

Қар алғаш жердің бетін тұтас жауып, мол жауған кезде қазақ міндетті түрде аңшылыққа шыққан. Себебі аңдардың ізі жаңа жауған қардың бетінде сайрап жатады.

Қыран құс, алғыр тазы, жүйрік ат ұстап, аңшылықты кәсіп еткен адамдарға қазақ құрметпен қараған. Атақты сал-серілер мұндай адамдарды қасына ертіп жүретін болған.

Саятшылыққа бүркітші жалғыз өзі шықпайды. Оның қасында бірнеше құс-бегілер, аңды үркітетін қағушы мен тазы жетектеген адамдар болады. Абай осыны ескеріп: «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет» дейді. Сонымен бірге аттан түскенге ыңғайлы, жүріп-тұрғанға қолайлы аңшылыққа лайық арнайы киім киген.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.

Жақсы ат пен тату жолдас –
бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.

Бүркітші тау басында немесе биік жерде тұрып, аңды байқап тұрады. Осы кезде ойдағы із кескен қағушылар барабан

сияқты аспапты қатты қағып, аңды тығылған жерінен үркітіп, жазыққа шығарады. Бүркітші қыран құстың томағасын сыпырып, түлкіге қарай ұшырып жібереді. Құс төмендеп ұшпай, бірден аспанға көтеріледі, себебі төмен ұшса, түлкі тауды өрлеп, құтылып кетуі мүмкін. Бүркітті көрген түлкі қашып құтыла алмасын сезінгендіктен, орнында тұра қалып, оған қарсы айбат шегеді.

Қандыкөз қайқаң қағып шықса аспанға,
Көре, тұра қалады қашқан түлкі
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.

Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға.



Суретпен жұмыс

QR-cod арқылы өлеңді тыңда. Суреттегі көріністі өлеңмен салыстыр. «Креативті ойлау» әдісімен «Қансонардағы аңшылық» деген тақырыпта адамдардың көңіл күйін бейнелейтін мәтін жаз.



Қанат, құйрығы суылдап, ысқырғандай дыбыспен аспаннан қыран құстың төмен сорғалап, құйылып кеп түсуі – аңшылар үшін әсем көрініс. Олар да тұра шауып, қыран құсқа айғайлап, қолдау білдіреді. Екі тағыға жақындаған кезде аттарынан сүріне-қабына

тез түсіп, жүгіре жөнеледі. Көк тағысы мен жер тағысының арпалысын Абай бойында бір міні жоқ хас сұлудың шомылғанымен салыстырады. Аппақ қар, қара бүркіт, қызыл түлкінің суреті көз алдыға елестеп, сұлу көрініс бейнелі тілмен әсем айшықталады.

Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,
Көктен қыран сорғалап құйылғанда.
Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай қан майданға.

Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл қанға.
Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды хаса сұлу шомылғанға.



Сөзмаржан

Қансонар – жерге алғашқы жауған қар. Бұл бейқам жайылған аңның басып өткен ізін тез табуға мүмкіндік туғызады

Қандыкөз – көзі қанға толу. Бүркіттің сипаты

Тағы – жабайы, түз хайуаны. Асырауға оңайшылықпен көнбейді

Хаса, қаса (арабша) – өте сұлу, кемелге жеткен сұлулық

Томаға тарту – бүркіттің көзін жауып тұрған жабдықты шешу

Аңшылардың даурыға күлісіп, қуанғандары қыран құсқа да әсер етіп, «иесіне қоразданар», яғни құс та жан иесі, ол өз ісіне риза болып, «алпыс екі айлалы түлкі» алғанына мақтаныш сезімін білдіреді. Жансыз табиғат құбылысы мен аң-құсты адам кейпіне түсіру немесе адамша сөйлету кейіптеу тәсіліне жатады. Бұған – Абайдың «Қыс» өлеңі де жақсы мысал.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін арнайы талдаған Мұхтар Әуезов былай деп жазады: «Абайдың пейзажы, тауы шығыс ақындарының тұманды тұспалына да соқтырмайды. Қазақ ақындары айтатын фольклорлық «заңғар тау», «қара аспан тауларға» да бармайды. Жаңаша берілген тау бейнесі кеше ғана өзінің жүріп өткен жерлердің, адыр тау-

лардың ой-қырын, жотасы мен қорым тастарын, қия беттерін, соны қарға түскен іздерімен дәл әрі түгел көрсетеді. Екінші айқын бір жаңалық белгісі – тауды және барлық пейзажды тек сол тау үшін, пейзаж үшін ғана алмайды. Адамның іс-әрекеттерін тартыс-талабымен, неше алуан мінездерімен араластырып, арнаулы қарым-қатынаста, шарпысу қалпында алады. Адамның да іс-әрекетін, сезімін тегіс табиғат ортасында береді. Шығарманың өзі сюжетті, оқиғалы поэма, баллада үлгісінде жазылмаса да, өлең бастан-аяқ динамикалық суреттерден құралады. Әрекет пен оқиға

жағынан барған сайын байып, өсіп, үдеп бара жатады. Өлеңнің ішінде сәт сайын құбылған толып жатқан өзгеріс, қимылдар болғандықтан, қай оқушыға болсын әсерлі, қызықты тиетін, ойға қонымды, көңілге иланымды шындық танытады. Салқын күнде, аппақ қардың үстінде бусанып тамған қызыл қан тамшысындай жанды шындық. Адамды да арнаулы қимыл-әрекет үстінде көрсетеді. Сонарды күткен үлкен аңшы мен қағушылар ерте аттанған. Сонардың да аңшы тілейтін сонары бар. Бұл – «ұзақсонар» емес. Қар кеше күндіз жауып, кеше тоқтаған болса, түлкінің ізі түні бойы жортқан ұзақ шиыр боп кетер еді. Ол ізбен түлкіні табу оңай болмайды. «Келтесонар» болса, ол да жақсы емес. Қар түні бойы жауып, таң атар алдында ғана тоқтаса, түлкінің ізі қысқа жортуылды ғана көрсетер еді. Бұндай із кез келсе, түлкі тез табылатындығы рас. Бірақ ең аз болған жерлерде оңай кезігуді күту қиял сияқты. Анық жақсы сонар қардың ел жатқанша жауып тоқтаған түнінде болады. Мұнда түлкі көбірек кездеседі. Жортуылы да ұзақ сонардай, шексіз алыс болмайды. Сөйтіп, Абай сонардың ішінде аңшыға көп көздесетін шындықты алады. Аңшылықтың қызығы мол. Оның шарты да зор. Астыңда жақсы, мықты ат болу керек. Үстіңде ыңғайлы, ықшам киім, қасында тату жолдас – барлығы да аңшылықтың әрі шарты, әрі қызықты шындығы. Осы топтың кейбіреулері қағушы болып, сай-саланы кезсе, біреулері тау басында томаға тартып отырады. Дәл осы сәттен бастап түлкіні алып, көңіл жайланып, «үйірімен үш тоғыз» боп қанжығаға байланып, өмір шындығынан шалғай жатқан бір қимыл, бір қозғалыс, бір сезім жоқ. Абай осы өлеңде өзі айтатын жайларды аса жақсы біліп, оны үлкен дәлшіл шындықпен жырлайтындығын танытады. Өлеңнің композициясын алсақ, ауызша поэзияда жиі кездесетін, ілгерілі-кейінді аттап түсіп отыратын, бірі ілгері, бірі кейін орынсыз жүретін ауыспалы хал жоқ... Оны барлық мезгіл мен іс-әрекетті бастан-аяқ ретімен бұлжытпай бергендіктен көреміз. Алдын ала ойланып алған ретті жоспар барлығы даусыз. Шындыққа, нақтылы деректілікке ерекше мән берген ақын, реалистік дәстүр бойынша, өз шығармасының барлық бұйымын, бар тұрманын тұтас ету керек. Соның белгісін бұл шығармада Абай өзінің сөздігінен де айқын танытады. «Сонар», «қағушы», «қайтқан із», «бүркіттің қайқаң қағып аспанға шығуы», «түлкінің көре тұра қалуы», «үйірімен үш тоғыз» десу – бәрі де аңшылықтың өзіне тән тілі. Сол өзгешелікпен қатар ақын қиялын да өткірлеп, сол асығыс, қарбалас, тайталастар үстінде шебер түрдегі соны теңеуді де табады. «Қар – аппақ», «бүркіт – қара», «түлкі – қызыл» дей

келіп, сол бір қайнаған қимылдарды қымсынған ұяң сұлудың асығып шомылған қозғалыстарына ұқсатуы да шеберлік айғағындай. Бұнда натуралдық үлгіде екі жайды «ананы көр де, мынаны көр» деп ұқсата салу жоқ. Табиғатты, түлкі мен бүркітті түгел қосып, бір бейне етіп, ақ етті сұлудың динамикалық әрекетіне ұқсатуда көп ассоциация туғызатын терең де кең метафора танылады. Шын шебер реалистің ғана қаламына оралатын өзгеше үлгі. Осындай белгілерінде әрі мазмұн, әрі түрі түгел қабысып келіп, ірі табысқа айналған ақындық туыс танылады». (*Абай энциклопедиясы*, 322-б.). Бұл жерде «ақындық туыс» – «ақындық болмыс», «ақын табиғаты» деген сөз.

...Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға
Бәрі де анық тұрмай ма ойланғанда.

Ұқпассың үстірт қарап, бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң.
Көлеңкесі түседі көкейіңе,
Әр сөзін бір ойланып, салмақтасаң.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын...

«Қансонарда бүркітші шығады аңға» осындай жолдармен аяқталып, аңшылықтың өзіндік қыр-сыры болатынын жете бағалауға, түсінуге шақырады. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет Қазан қаласында «Князь бен Зағифа» (1897) атты хисса кітапта жарияланған. Хиссаның ішінде Абайдың «Сынағанда аттың сыны» («Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ») және «Бүркітші» («Қансонарда бүркітші шығады аңға») деген өлеңдері беріліп, авторы көрсетілмеген. Князь армандаған ат пен құстың сипатын көрсету үшін хиссаны шығарушы Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» және «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген екі өлеңін кейіпкерінің аузына тұтас салып, хиссаны аяқтайды. Абайтанушылар бұл жайтты кейіннен анықтады. Бұдан біз Абайдың көзі тірісінде ақын өлеңдерінің қолжазба нұсқасы Қазақстаннан шет аймақтарға да кеңінен таралғанын көреміз.

1

Білу

1. Саятшылық деген не?
2. Аңшы қандай болады?
3. Өлеңде ақын бүркітті қалай суреттейді?
4. Аң аулағанда қағушының рөлі неде?

1. Бүркітші неге қансонарда аңға шығады?
2. Абайдың «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет» деуінің себебі неде?
3. Өлеңде неліктен түлкіні осал жау емес деген?
4. Ақын не себепті: «Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын», – деп айтқан?

1. Жұптық жұмыс. Өлеңді пайымдап, логикалық, психологиялық кідірістермен мәнерлеп оқыңдар. Автор сезімін беруге тырысыңдар.
2. Өлеңдегі аңшының, бүркіттің, түлкінің іс-әрекетіне сипаттама бер. Кестені толтыр.

Аңшы	Бүркіт	Түлкі

3. Табиғатты қорғау қалай жүзеге асырылады? Аңшылық оған қандай жағдайда кедергісін келтірмейді? «Аңшылықтану және аң шаруашылығы» мамандығының болашағы қандай? Өзекті ме? Пікір таластырыңдар.
4. Кестеде берілген сөздердің анықтамасын мәтінге сүйене отырып, дәптеріңе жазып, есіңе сақта.

Қансонар	
Ұзақсонар	
Келтесонар	

1. Өлеңді композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындап, жоспар құр.
2. Топтық жұмыс. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/23014> сілтемесінде бүркітті баптау туралы мәліметпен танысып, өлең мазмұнымен салыстырыңдар.

«Дербес пікір айту» әдісімен автор стилін талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.

- 1) Өзіндік пікір (ой, идея).
- 2) Дәлел.
- 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал.
- 4) Өз пікіріне қарсы дәлел.

- 5) Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
6) Қорытынды.

5

Жинақтау

1. «Борт журналы» әдісімен кестені толтыр.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Ақын туралы тағы қандай жаңалық білдім?

2. «Фишбоун» әдісімен өлеңнің көркемдік ерекшелігін түсінде.

Орындалу барысы: балық қаңқасының басына – шығарманың тақырыбы, үстіңгі сүйектеріне – өлеңдегі ақын қолданған теңеулер, астыңғы сүйектеріне – үзінді арқылы дәлелі, құйрығына шығарма тілі жайлы ойың жазылады.

Қаңқадағы жазулар қысқа болу керек. Олар тірек сөздерден немесе тақырыптың негізгі ойын ашатын фразалық сөздерден тұруы мүмкін.

3. Өлеңнің эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жаз.

6

Бағалау

Өлеңдегі көркем образдардың тұлғалық ерекшеліктерін ашудағы автор шеберлігіне баға бер.



Білгенге маржан

Саят (саятшылық) – жыртқыш құстарды аңға салу, қазақ халқындағы өте ерте замандардан келе жатқан спорттық өнер.

Қазақ саятшылары бүркіт, бидайық, сұңқар, қаршыға, бөктергі, ителгі тағы с.с. көптеген алушы құстарды баптап, аңға түсуді үйреткен. Мұндай адам «құсбегі» деп аталады. Құсбегі де табиғаттан берілген сый. Ол қыран құсты тәрбиелеп, олардың табиғатын түсінеді, қай уақытта аңға шығу керек екендігін біледі. Түріне, аңға түсу қабілетіне қарап, құстарды тастүлек, мұзбұлақ, көк түбіт, май түбіт, барқын, баршын т.б. деп атаған. Мұндай құстардың өз жабдықтары болады: құндақ, томаға қалпақ, тұғыр, балақ бау, желі бау. Қыран құстарды қолға ұстап, тәрбиелеу үшін өзі бір үлкен ғылыми әдістерді меңгеру керек. Әбден дайын болған бүркітті қыс түскен соң қасқырға, түлкіге,

қарсаққа, киікке салған. Жазда, күзде – қазға, үйрекке, қырғауылға т.б. құстарға салған.

Қазақ халқы саятшылықты тұрмыстық пайдасы бар өнер ретінде де, көңіл көтеретін табиғатпен етене араласатын спорт ретінде де қараған.

Энциклопедиялық анықтамалық



Абайтану әліппесі

Суреттеу – әдебиетте әртүрлі жануарларды, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл.

Қаламгер кейде шығарма оқиғасын баяндау барысында оқиғаның болған жерімен, оқиғаға қатысушы кейіпкерлермен, олардың жеке басына тән өзгешеліктерімен, оларды қоршаған ортамен таныстырып өтеді. Бұл көбіне суреттеу (сипаттау) жолымен жүзеге асады.

Абай – шебер суретші. Ол өмір құбылыстарын суреттегенде оған өз қарым-қатынасын көрсетпей қала алмайды. Оның шығармасын оқыған адамның көз алдына жанды сурет келеді.

«Абай» энциклопедиясы



Жазып көр

Өлеңдегі құс пен түлкі әрекеттерін суреттеу тәсіліндегі автор шеберлігіне мысалдар келтір.



Хакімнен үйрен

Ақыннан табиғат сұлулығын сезінуді үйрендің бе? Айналаңа қарап, ерекше сезіммен суреттеп жаз.



Кітап – білім бұлағы

1. Саятшылық – қазақтың дәстүрлі аңшылығы. – Алматы: Алматы-кітап, 2007.
2. Қазақстан – спортшылар елі. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2009.

«Еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей».

ЕКІНШІ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- қарасөздегі автордың түйінді ойын ментальді картаны қолдана отырып, баяндау;
- мәтіндегі ой-түйіндерді тауып, негізгі ой қазығына топтастыру;
- қарасөз тілінің ақпараттық, фразеологиялық қырын мәнмәтінде анықтау.

Тірек сөздер

*Өнерді үйрену
Еңбек ету
Сыпайылық
Ептілік*

Сөзмаржан

Ахиреттік – о

дүниелік; бұл жерде: қайтыс болған адамға киізетін киім

Жалшы – жалдама еңбек адамы, малай, қызметші, күң

Башалшік – ұсақ саудагер

Мансұқ ету – терістеу, жоққа шығару

Абай Құнанбайұлы – қашанда білім алуды, еңбек етуді, өнерпаз болуды насихаттап өткен жан. 1890 жылы жазылған «Екінші қарасөзінде» Абай бала күнінде үлкен адамдардың сол тұстағы қазаққа жақсы таныс сарт (өзбек), ноғай, орыс сияқты халық өкілдеріне күлетінін, олардан қалайда бір кемшілік тауып, сартты көрсе, «шүлдіреген тәжік», «сарт-сұрт деген осы» деп, ноғайды көрсе, «түйеден қорыққан ноғай... солдат ноғай, қашқын ноғай, башалшік ноғай» деп, орысты көрсе, «Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса, соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп күлетіндігіне тоқтала келіп, «қазақ несімен мақтанады?» деген ой тастайды. Осы сұрақ төңірегінде ойландыруға, ұлт санасын оятуға әрекет жасайды.

«Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп

үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал

табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда... Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз», – дейді.

Жоғарыда аталған халық өкілдерінің жер жыртып, егін егіп, жеміс-жидек өсіріп, сауда жасап, озық елдердің өнерін үйреніп, өз кәсіптерін жетілдіріп отырғанына жеке-жеке тоқталған Абай: «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?» – деген сұрақ қояды.



Суретпен жұмыс

QR-cod арқылы мәтінді тыңдап, суреттегі көріністермен салыстыр. «Менің күнделігім» әдісімен «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі» тақырыбында шағын ойтолғау жаз.



Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап



Абай шығармаларын тереңдеп оқымаған адамға бұл қарасөз қазақты басқа халықтан төмен санап, қорлап отырғандай көрінуі мүмкін. Абай өмір сүрген кезең патшалық Ресей өкіметінің бірнеше ғасырға созылған отарлау әрекетінің толық аяқталған кезіне тұспа-тұс келеді.

Зертте

Ақынның тағы қандай шығармасы «Екінші сөзбен» үндесіп келеді?

Бір кезде «қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін жеткізіп» жүрген

сарт ағайындар қазақтан қалай озып кетті? «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?» дей отырып, халқына «шаруа қуып, мал тап, өнер үйреніп, зор бол» деген өсиетті айту үшін осы қарасөзді жазып отыр.

Адам баласы бақытты болуы үшін, оның не нәрсеге болсын, ынтасы мен ықыласы айрықша болу қажеттігін баса көрсеткен Абай адал еңбекті ерекше жоғары бағалап, мадақтады. Автор сондай-ақ «Еңбек қылып, мал табудың да жөнін» білу керек әрі халқыңның артықшылық, кемшілігін, жақсысы мен жаманын тану үшін өзгенің көзімен де қараған жөн деген өсиет айтып отыр.

1

Білу

1. Абай бала күнінде қандай әңгімені көп естіген?
2. Автор қарасөзінде қазақ туралы не дейді?
3. Басқа ұлттардың еңбекқорлығы қалай сипатталған?

2

Түсіну

1. Автор не себепті басқа ұлттарды мақтайды?
2. Абай неге «...Олар орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден көп үйреніп кетті», – дейді?

3

Қолдану

1. Қарасөзді мұқият оқып шығып, «Сканерлеп оқу» әдісі бойынша жинақы мәтін жаз.
2. Жұптық жұмыс. Қарасөзде келтірілген ұлттардың шаруашылыққа бейімделуі туралы мәліметті кестеге толтырыңдар.

Ұлттардың кәсіптері	Мысал
Қазақ	
Орыс	
Өзбек	
Ноғай	

4

Талдау

1. Қарасөздегі ой-түйіндерді талдап, негізгі ой қазығына топтастыр.
2. Топтық жұмыс. «Ресми дебат» тәсілімен дебат ұйымдастырыңдар. Дебаттағы рөлдер: қазылар; жақтаушы тарап; даттаушы тарап;

Қазылар қорытындылайды. Пікірталасты тыңдап, әр спикерге олардың дәлелдеріне, ұтымды пікір айтқандарына және басқа топтың дәлелдеріне қаншалықты дұрыс жауап бергендеріне қарай баға береді.

Жақтаушы тарап: «Қазақтан асқан ақылды халық жоқ».

Даттаушы тарап: «Қазақтың басқа ұлттардан үйренетіні көп».

3. Қарасөз тілінің ақпараттық, фразеологиялық қырын мәнмәтінде анықта.

5

Жинақтау

1. Қарасөздегі автордың түйінді ойын жинақтап, ментальді картаға түсір.
2. «3–2–1» әдісі бойынша мәтінмен жұмыс жасап, тақырыппен байланыстыра отырып, кестені толтыр.

Қарасөз туралы 3 дерек			
Қарасөз бойынша 2 сұрақ			
Қызығушылық танытқан 1 нәрсе			

6

Бағалау

Қазіргі ауыл адамдары мен қалалықтардың кәсіптерінде айырмашылық бар ма? Қазақ халқына қандай баға берер едің? Ақын арманы орындалды ма?

Білікті маман ретінде өте табысты еңбек етіп жүрген еліміздің жастары туралы жоба жаса.



Білгенге маржан

Абай «Екінші қарасөзінде» «қайран жұрты қазағына» қайран қалады. Жанындай жақсы көретін халқын басқалармен салыстырып, өзгелердің өз жұртынан озық жерлерін мысалдармен тілге тиек етеді. «Қайран жұрты қазағының» кей қылықтарын ызалана бетке баса отырып, өз жүрегін жарақаттай отырып, жалпы жұртшылық санасына жеткізеді...

Абай – өз елін ерекше сүйіспеншілікпен жақсы көре алған кісі. Сондықтан да өз жұртының кемшіліктерін ұқыптылықпен іздестіріп, тізіп, жазып, айтып жүруді, жұрт аузына салып, жарыққа шығаруды өз міндетім деп есептеген.

Абай өз жұртының бойынан өзі санап шыққан қасиетсіз қылықтардан арылтқысы келді. Ол барлық сөзінде адал еңбек пен мал табуды, әлемдегі озық жұрттар жетістігінен үлгі алуды үгіттеуден жалықпады.

Сайын Назарбеков



Абайтану әліппесі

Сарказм (мысқылдау) – зілді кекесінмен әжуалау. Құрылымы жағынан иронияның ұлғайған түрі. Бірақ иронияға қарағанда анағұрлым өткір. Абай шығармаларында ирониядан гөрі сарказм басым көрінеді. Мысалы,

Жылуы жоқ бойының,
Жылмиғаны не еткені?
Құбылуы ойының
Кетпей құйтың еткені!

Қазақ әдебиеті. Анықтамалық



Жазып көр

Сен адамның қандай қасиетін сарказммен берер едің? Жазып көр.



Хакімнен үйрен

«Ата көрген – оқ жонар», «ана көрген – тон пішер» дегендей, ата-ана жолын жалғастырасың ба? Немен айналысасың? Болашағыңа құрған жоспарың хакімге ұнар ма екен?



Кітап – білім бұлағы

Абай Құнанбаев. Қарасөз: нақыл сөздер / Абай Құнанбаев – Алматы: Көшпенділер, 2007.

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- қарасөзде көтерілген өзекті ойды, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық мәселені анықтау;
- шығармадағы көркем-дегіш құралдардың қолданысын талдау;
- шығарманың тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармасымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау.

Тірек сөздер

Қуаныш
Ұят
Даңғойлық
Намыс

Сөз маржан

Харам (арабша) – жат, арам

Зертте

Ж.Баласағұнның «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды» деген сөзін бүгінгі тақырыппен байланыста зертте.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін жазған ақын неліктен «Жиырма алтыншы қарасөзінде» жұртты сынайды? «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады».

Негізінде жарысқа түскендердің бірінің озып шығуы да, оған қуануы да – заңды құбылыс. Бұл жерде Абайдың түпкі айтпақ ойын түсіну керек. Жүйрік ат, ұшқыр тазы, қыран құс ұстау – ежелгі қазаққа тән ұлттық кәсіп. Абайдың өзі де ит жүгіртіп, құс салғанды жақсы көрген. Дегенмен жоғарыда аталған кәсіп түрлерін адам «өзгелерді ызаландырып», қызғаныш тудыруы үшін емес, өз хоббиі ретінде қолданғаны дұрыс екенін айтады.

«Біреуді ызаландырмақ – шариғатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс. Өншейін біреуді ыза қылмақтың несін дәулет біліп қуанады екен? Жә, болмаса, ана ыза болушы соншалық неге жер болып қалады екен?», – дейді Абай. Жеңілген жақ «Неге жер болып қалады екен?» деген сұрақты Абай тегін қойып отырған жоқ. Жеңілсе, несі бар? Оған ызаланып, жер болып (жасып) қалмай, қайта қайраттанып, алға ұмтылу керек. Себебі сол күнгі жарыспен өмір аяқталмайды. Бұл әдейі есеппен қуану да, соған жасып, төменшіктеп қалу да – надандықтың белгісі.

«Абай» энциклопедиясындағы мына мәліметке көз жүгіртсек: «Озып келген жылқының шабысы үшін тымағын аспанға лақтырып мақтану, жығылып қалған жігіттің айласы аздығы үшін жерге кірердей намыстанып, кіріп кетер жер тесігін іздейтіндей намыстану – надандық пен ақымақтықтың әсері деген түсінік туғызады. Ау, ағайын! Озып жатқан да, жығып жатқан да бір қазақтың аты мен жігіті емес пе?! Абай осындай түсінікті сағынады. «Өз жұртыңнан жау іздеме, өз аулыңнан дау іздеме» деген қағиданы алға тұтады. Сол қағида пайдасын жұрт арасынан таба алмаған кезде Абай: «Мұның бәрі – қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек» (342-б.).



Суретпен жұмыс

Инфографиканы тағы немен толықтырар едің? Дәл қазір бізге неден арылу қажет?

Жиырма алтыншы қарасөз

Адам қандай қасиеттерден аулақ болу керек?



Осы мәтінде қуаныш пен ренішті шендестіре отырып, әжуаға айналдырған гротеск тәсілі бар. Абай мұнда да оқу оқып, еңбек етіп, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсету қажет екенін көрсетіп отыр. Бұл Абайдың барлық шығармаларына тән негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің бірі болып саналады.

Себебі «Жүйрік ат – кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құс та, жүйрік ит те – кейде оның қолына, кейде

мұның қолына түсетұғын нәрсе. Күшті жігіт те үнемі бір елден шыға ма? Кейде ана елден, кейде мына елден шығады. Мұның бәрін адам өз өнеріменен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді. Соның бәрін де біле тұра, жерге кіргендей болып, я бір арамдығы, жамандығы шыққандай несіне ұялып, қорланады екен?», – дейді Абай.

Мұны айтып отырғандағы себеп адам баласы ұялатын нәрсе мен ұялмайтын нәрсені ажырата білу керек. Әйтпесе Абайша айтқанда: «Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері» болады. Қашан да «қайрат, ақыл, жүректі» қатар ұстап, адал еңбек ете білсе, адам баласының алмайтын асуы, шықпайтын биігі болмайды.

«Жиырма алтыншы қарасөздің» жанры – проза (публицистика). Тұңғыш рет 1933 жылы М.Әуезов құрастырған екі томдықта жарияланған. Қазіргі уақытта аздаған текстологиялық өзгерістермен, М.Әуезовтің құрастырған нұсқасы бойынша жарияланып келеді.

1

Білу

1. Қарасөзде қандай ұлттық спорт түрлері айтылады?
2. Абай қарасөзде қандай қасиеттерді сынайды?
3. Абай осы қарасөзде нені жеткізгісі келді?
4. Қарасөзде қандай жеті қазына атауы кездеседі?

2

Түсіну

1. Ақын неліктен қарасөзде риторикалық сұрақ қойған?
2. Абай даңғойлықты қалай сынайды?
3. Ол не себепті жеңілгендерге де наразы?

3

Қолдану

1. Жұптық жұмыс. Ақын рөліндегі жұбыңнан «Сұхбат алу» әдісімен қарасөздегі мәселе туралы сұхбат ал. Өз араларыңда осындай жағдай жиі кездесе ме?
2. Қарасөзді оқи отырып, кестені толтыр.

Ұялу керек	Ұялмау керек

4

Талдау

1. Қарасөзде көтерілген өзекті ойды, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық мәселені анықтап, талда.
2. Шығармада қандай көркемдегіш құралдардың қолданылып тұрғанын анықтап, олардың қызметін талда.

1. Қарасөз мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер жинақта.
2. Қарасөздің тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармаларымен салыстырып, ойыңды түйінде.

Қарасөздің ұлттық және тарихи құндылығына баға бер.



Білгенге маржан

...Билікте әділдікпен қатар осымен егіз сияқты бір мінезі Абайдың мырзалығы, жомарттығы, дүниеқор еместігі болатын. Жақын маңайдағы елде өзі атағын есіткен аты шулы жүйрік ат, қыран құс, алғыр ит сияқты сауық аспаптары болса, Абай қалап та алады. Қызыққаны кедейдікі болса, сатып та алады. Бір жазда бес түйе беріп, бір бөйге ат алып, бес құлынды бие беріп, екінші бөйге ат алғанын көрдім. Соларының екеуін де сұраған екі кісіге өзі қызықтамастан беріп жіберді.

Осы күнге дейін Тобықты іші: «Бір досыңнан қызығып қалап, бұлдап алған жақсыңды, үйіңе жеткізбей, бір жақсы көрген адамың алып кетсе, сонан қызық не бар деп Абай айтпа па еді?» – деп, аңыз қылысады.

Көкбай Жанатайұлы



Абайтану әліппесі

Гротеск – (фр. *grotesque* – өнер) – шығармада сыртқы түрдің ішкі желімен қайшылығы сатирамен астасып, әжуа күйде көрініс табуы. Осы тәсілді Абай көптеген шығармаларында шебер қолдана білген.

Қазақ әдебиеті. Анықтамалық



Жазып көр

Гротеск тәсілімен жасөспірімдердің теріс қылықтарын жаз.



Хакімнен үйрен

Біреудің жетістігіне шынайы қуана аласың ба? Жеңіліс сәттерінде өзіңді қалай сезіндің?



Кітап – білім бұлағы

Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995.

Міне, сен «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет» деп аталатын үшінші тарауды аяқтадың.

Не білдің? Не үйрендің? Көне, өзінді сынап көр.

ӨЗІНДІ ТЕКСЕР

Топтық жұмыс.

1. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісімен ақынның ұлттық мәдениет пен саятшылық өнерін бейнелеудегі поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау.

Сынып 6 топқа бөлінеді, әр топ өзіне бір қалпақты таңдайды. Әр қалпақ түсі ойдың даму бағытын анықтайды:

Ақ қалпақ – ең бейтарап топ. Осы топ мүшелері деректермен жұмыс жасайды. Осы деректерді дәлелдейді.

Сары қалпақ – шуақты, бақытты, позитивті топ. Бұл топтың мүшелері тақырыптың артықшылығын іздейді.

Қара қалпақ – күңгірт түс, күмән келтіргіш топ. Бұл топ айтылған жайттарға қарсы күмән келтірулері тиіс.

Қызыл қалпақ – эмоциялық топ. Бұл топ өздеріне әсер еткен жайттарды баяндайды.

Жасыл қалпақ – шығармашылық топ. Осы топтың мүшелері берілген жағдайға тосын жаңа шешімдер ұсынады.

Көк түс – баға беруші топ. Барлық топтардың ұсыныстарын бағалайтын және оңтайлы шешім табатын сарапшылар мен талдаушылар.

2. «Информатика» пәнінен алған біліміңе сүйеніп, SketchUp Make программасында «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет» тақырыбында жоба жасаңдар.

Жұптық жұмыс.

«Жасырын сурет» әдісімен жұмыс жасаңдар. Интернеттен табиғат лирикасына байланысты салынған суретті тауып, оны жұбыңа көрсетпей қарап шық. Содан соң жұбыңа осы суретті сипатта. Тыңдап отырған оқушы алдымен суреттің қай шығармаға қатысты екенін айтады. Содан соң түсінгені бойынша өзі сурет салып шығады. Жұбыңмен алмасып жұмыс істеңдер. Ең соңында салған суреттеріңді түпнұсқамен салыстырыңдар.

Жеке жұмыс.

1. «6 неліктен» әдісімен сұрақтарға жауап жаз.
 - 1) Неліктен осы тарау «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет» деп аталады?
 - 2) Неліктен Абайды табиғат лирикасының шебері деп айтамыз?
 - 3) Неліктен Абай шығармаларында ирониядан гөрі сарказм басым?
 - 4) Неліктен ақын өзге ұлттың жақсы жағын үлгі еткен?
 - 5) Неліктен ақын қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ деген?
 - 6) Неліктен ақын саятшылықты дәріптеген?
2. «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет» деген тақырыпқа эссе жаз.
3. Тест сұрақтарына жауап бер.
 - 1) «Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға» фразасы ақынның қай шығармасынан алынды?
 - A) «Жастықтың оты жалындап» өлеңі
 - B) «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі
 - C) «Жазғытұры» өлеңі
 - D) «Жүректе қайрат болмаса» өлеңі
 - E) «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі
 - 2) Сарказм деген не?
 - A) Адамды сипаттау
 - B) Мазақтама өлең жазу
 - C) Зілді кекесінмен өжуалау
 - D) Бір нәрсені екінші нәрсеге теңеу
 - E) Зілсіз кекесінмен айту
 - 3) Ақынның қай шығармасында аңшылық туралы айтылмайды?
 - A) «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі
 - B) «Екінші қарасөз»
 - C) «Жазғытұры» өлеңі
 - D) «Жиырма алтыншы қарасөз»
 - E) «Жаз» өлеңі
 - 4) «Қандыкөз» қандай суреттеу құралына жатады?
 - A) Метафора
 - B) Эпитет
 - C) Кейіптеу
 - D) Теңеу
 - E) Қайталау

- 5) Ақын қарасөзіндегі бірталай қиындыққа шыдайтын қай ұлт?
А) Тәжік
В) Орыс
С) Қазақ
D) Өзбек
E) Ноғай

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

1. Олең үзіндісін оқып, төмендегі тапсырмаларды орында.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.

...Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл қанға.
Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды хаса сұлу шомылғанға.

- 1) Үзіндінің бірінші бөлігінен аңшылыққа қойылатын талаптарды тауып, тізбектеп жаз.
Бірінші талап:
Екінші талап:
Үшінші талап:
Төртінші талап:
Бесінші талап:
- 2) Үзіндінің екінші бөлігіндегі антитезаларды тауып, олардың қызметін түсіндір. Олармен сөйлем құра.

2. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орында.

Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп

үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда... Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз.

1) Мәтінде неше кәсіп туралы айтылған?

- A) 4
- B) 5
- C) 7
- D) 6

2) Мәтін идеясы қандай?

- A) Басқа халықпен таныстыру
- B) Қазақ халқын еңбекке үйрету
- C) Өзге халықты дәріптеу
- D) Қазақтың кемшілігіне күлу

3. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орында.

Жүйрік ат – кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құс та, жүйрік ит те – кейде оның қолына, кейде мұның қолына түсетұғын нәрсе. Күшті жігіт те үнемі бір елден шыға ма? Кейде ана елден, кейде мына елден шығады. Мұның бәрін адам өз өнеріменен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді. Соның бәрін де біле тұра, жерге кіргендей болып, я бір арамдығы, жамандығы шыққандай несіне ұялып, қорланады екен?

1) Мәтінде не туралы айтылған?

- A) Жүйрік ат
- B) Жүйрік ит
- C) Күшті жігіт
- D) Жалған намыс

2) Үзінді идеясына сай мақалды тап:

- A) Күш атасын танымас
- B) Батыр майданда шынығады
- C) Жігітті намыс өлтіреді
- D) Жігіттің түсін айтпа, ісін айт.

IV ТАРАУ

ҰЙЫҚТАП ЖАТҚАН ЖҮРЕКТІ ӘН ОЯТАР

Досым, сен осы тарауда

- Абайдың музыкалық мұрасымен танысың;
- ақынның әндерін рухани-эстетикалық, танымдық мақсатта игересің.

Түн сұлулығын сезіну үшін ақын өлеңін оқық, әнін айтайық.

«ЖЕЛСІЗ ТҮНДЕ ЖАРЫҚ АЙ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді пайымдап, логикалық, психологиялық кідірістермен мәнерлеп оқу;
- өлеңді композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындау, жоспар құру.

Тірек сөздер

*Табиғат
Махаббат
Жалғыздық*

Сөзмаржан

Айтақ, айтақтау –
итті сақ болуға шақыру

Зертте

Қосымша ақпарат көздерінен «Желсіз түнде жарық ай» туралы мәлімет жинақтап, презентация жаса.

«Желсіз түнде жарық ай» өлеңі лирикалық шығармаға жатады. Өлең 4 тармақты, 5 шумақтан тұрады, 7–8 буынды жыр үлгісімен, шалыс ұйқаспен (а-б-а-б) жазылған.

Сұлулықтың ұйытқысы – әсем табиғат. Абай оқырманды табиғаттың әсем көріністерімен тікелей таныстыру арқылы тосын формалық пішін тапқан.

Адам жанының асыл қасиетін, асқақ мұраты, риясыз ынтық, нәзік сезімін, нақтылы өмір шындығының заңдылықтарын сақтай отырып, тың туынды тудырған.

Өлең эстетикалық-көркемдік, этикалық-ғибраттық зор мәнге ие. Кәусар бұлақтай таза сезім табиғат құбылысымен үнсіз үндеседі.

Ақын желсіз түнде сәулесі суға түскен айға жан бітіріп, оны дірілдетіп қояды. Оны дірілдетіп тұрған – күркіреп ағып жатқан өзен. Бұл – табиғаттағы заңды құбылыс. Ал Абай шеберлігі сонда, ол осы құбылысқа жан бітіріп, адам сезімімен әдемі үйлестіріп отыр. Мұнда ай мен өзен суы бір-бірімен жарасым тапқан:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың маңы – терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.



Суретпен жұмыс

Суретке қарап, QR-cod-тағы «Желсіз түнде жарық ай» әнін сыныппен қосылып айтыңдар. Түн сұлулығын, ақынның ойын сезінуге тырысыңдар.



Әсемдіктің тағы бір белгісі – өздері ғана түсінетін тілде өзара сыбырласқан жапырақ пен жердің бетін түгел жауып тұрған жап-жасыл шөп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Осындай сұлу түнде құлаққа тау қойнауынан гүрілдеп құлаған өзен сарыны, үрген ит пен айтақтаған адам дауысы және әлдеқайдан естілген сазды әннен тау да жаңғырып, бірге қосылып, ән сап тұрғандай әсер береді. Ақын осындай лирикалық қанық бояумен тамыл-жытқан табиғат суретіне үшінші шумақтың соңғы тармақтарында түн жамылып, кездесуге шыққан белгісіз қыз бен жігітті қосады.

Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып,
Жолығуға аулаққа?!

Өлеңдегі қыз бен жігіт – негізгі кейіпкер емес. Бұлардың орнында басқа да адамдар болуы мүмкін. Алайда Абай әсем табиғат құбылысын адамның асыл сезімі арқылы бейнелеп тұр. Бұған куә – жанды кейіпке айналған желсіз түн, жарық ай, тасыған өзен.

Табиғат та, адам да бір-бірімен үнсіз сырласады, бір-бірінен жарастық табады. Ақын шеберлігі деп осыны айтады.

«Желсіз түнде жарық ай» өлеңінің әні бар. Бұл өлең Абай әндерінің төлбасы болып саналады. Мұнда сөз бен саз бір-бірімен тығыз үндесіп, тымдық түн мен тұнық сезім ән болып тербеледі. Абай толықсыған ай жарығында көзге анық көрінетін ауылдың мамыражай сәтін минорлы ладтағы (баяу) әуен сазбен суреттейді. Музыкалық ән өлшемі де өлең мен әуеннің мінсіз жымдасуына арқау болған.

Музыка зерттеушісі В.Дернова «Абайдың музыкалық мұрасы» атты зерттеу еңбегінде: «Жаңа лирикалық жанрға бүтіндей жататын Абайдың үш қана әні бар: «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» және «Қараңғы түнде тау қалғып». Бұларға қалалық әндерде дәстүрлі шаршы кезең түрінде шумақ формасын немесе қайталаумен екі бөлімді форманы пайдалану тән. Орындалғанда шумақтың екінші бөлімі қайталанады. Бұл әндердің бәрі минорда кездеседі», – деп жазады.

Әннің үш нұсқасы бар. Әнді алғаш 1935 жылы Ә.Ысқақовтың орындауында композитор Л.Хамиди нотаға түсірген. Екіншісі 1939 жылы К.Лекеревтің орындауында Б.Ерзакович нотаға түсірген. Үшіншісі әнші Ж.Кәрменовтің үйретуімен Ә.Мұсаның орындауында нотаға түскен. Үш нұсқада да аздаған өзгерістер болғанымен, ұқсастық басым. Бұл ән көбінесе оркестр, фортепиано сүйемелімен және хорда айтылады. Домбыра сүйемелімен алғаш айтқан әнші – Ж.Кәрменов.

Ән «Абайдың музыкалық творчествосы» (1954), «Айттым сәлем, қалам қас» (1986) жинақтарында жарияланған.

1

Білу

1. Бұл өлеңде жылдың қай мезгілі суреттелген?
2. Ақын өлеңде табиғатты қалай бейнелейді?
3. Абай бұл өлеңмен не жеткізгісі келген?
4. Қазақ әдебиетінде осындай мазмұнда басқа өлең бар ма?

2

Түсіну

1. Бұл өлең не себепті табиғат лирикасына жатады?
2. Өлеңнің ерекшелігі неде?
3. Ақын неге желсіз түндегі жарық айды әнге қосқан?

3

Қолдану

1. Интернет желісінен «Желсіз түнде жарық ай» әнін тыңдап, әншінің орындаушылық шеберлігіне мән бер.
2. Жұптық жұмыс. Өлеңді кезекпен психологиялық және логикалық кідірістермен мәнерлеп оқыңдар. Өлең жолдарынан негізгі ойға қазық болатын сөздерді жазыңдар.
3. Өлең мәтінін қайталап оқып, мазмұны бойынша сурет сал.
4. Тақырыпқа байланысты «Түртіп алу» кестесін толтыр.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырады»

4

Талдау

1. Өлеңдегі көркемдегіш құралдарды анықта. Автордың бұларды қолдану себептерін талдап түсіндір.
2. Топтық жұмыс. Өлеңді композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындап, жоспар құрыңдар.

5

Жинақтау

1. Ақынның табиғат лирикасына арналған өлеңдерін «Желсіз түнде жарық ай» өлеңімен салыстыр. Табиғат көркін беру шеберлігін тұжырымда.
2. Қаладағы түнгі сұлулықты ауылдағымен салыстыр, ерекшелігі неде?
3. <https://abai.kz/post/17580> сілтемесі арқылы Қ.Жұмалиевтің «Абайдың табиғат лирикасы» мақаласын оқып, бүгінгі тақырыпты түйінде.

6

Бағалау

Қалай ойлайсың, қазір табиғат ақын суреттеген күйде ме?



Білгенге маржан

«Желсіз түнде жарық ай» – ақынның алғашқы ән туындысы бола тұра, бұрынғы қазақ әндеріне ұқсамайтын, композиторлық қуатын байқататын жаңа ырғақтағы музыкалық шығармаларының бірі. Әннің музыкалық тілі өткір де қарапайым, тез жатталады. Абайдың белгілі бір әндері орындалған жерде әнші мен тыңдаушының қоса шырқап кететіні жиі болып тұрады. «Желсіз түнде жарық ай» сондай әндердің қатарында. Әуендік құрылымы *abcd*. 3, 4-әуендік жол қайырма ретінде қайталанатын, яғни қайталанған қос тармақ... Тымық түн суреті мен тұнық сезім құдіреті қалай сәтті байланыса суреттелсе, әнге айтылған сөз бен сазы да солай тұтасып, бір бүтінге айналған.

Е.Шүкіман



Абайтану әліппесі

Пейзаж (француз. мекен, өлке) – шығармада табиғат көрінісінің бейнеленуі. Пейзаж шығарманың тұтас идеялық-көркемдік мәніне қызмет ету үшін де, сондай-ақ шығармадағы жекелеген көріністерге, оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты да қолданыла береді.

Абай шығармаларына тән ерекшелік – пейзаж бен адам сезімінің шебер үйлесім табуы.

Табиғат лирикасы – лирика жанрының бір түрі. Ақынның ішкі жан дүниесінің әртүрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар.

Абайдың «Жазғытұры», «Жаз», «Желсіз түнде жарық ай» тәрізді т.б. өлеңдері – табиғат лирикасының жарқын үлгілері.

Қазақ әдебиеті. Анықтамалық



Жазып көр

Өзің тұратын жердегі жазғы түнді суретте.



Хакімнен үйрен

Әнді сүюді ақыннан үйрен. Қандай әндерді ұнатасың? Халық әндерін, халық композиторлары әндерін жиі тыңдайсың ба?



Кітап – білім бұлағы

Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. 2-т. – Алматы: Жазушы, 2020. – 520 б.

Ақынның «көзінің қарасы» кім болды екен?

«КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- мәтіндегі тілдік бірліктердің дербес және мәнмәтіндегі қызметін түсініп, идеялық мазмұндағы маңызын айқындау;
- әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.

Тірек сөздер

Махаббат
Сезім
Наз

Сөзмаржан

Қолаң шаш – ұзын, қалың шаш

Сүндет, сүннәт (арабша) – Мұхаммед пайғамбардың істеген ісі мен айтқан сөзі. *Бұл жерде:* «міндет» деген мағынада

Рахым қылу – мейірі түсті

Махаббат лирикасы – ақын шығармаларының өзекті тақырыбының бірі. Ақынның алғашқы махаббаты – Тоғжан есімі көпшілікке «Абай жолы» эпопеясы арқылы таныс.

1891 жылы жазылған «Көзімнің қарасы...» – Абайдың махаббат лирикасына жататын шығармасы. Өлең 4 тармақты 22 шумақтан тұрады, бұрын қолданылмаған 6 буынды қара өлең (а-а-б-а) ұйқасымен жазылған. Сүйген жарға деген ынтық сезімін, ынтызар көңілін өзіне ғана тән асқан шеберлікпен суреттейді. Абай қолтаңбасына тән сипат – аз сөзге көп мағына сыйғызу. Бұл өлеңнің де әрбір сөзінің астарында терең сыр бар.

Абай ғашық жарына жан теңгермей, оны көзінің қарашығына, көңілінің санасына теңейді. Өмір бойы жақсы көруден таймайтынын ашық айтады.

Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы.
Бітпейді ішімде,
Ғашықтың жарасы.

Қазақ ұғымында «көзімнің ағы мен қарасындай» деген теңеу балаға қатысты айтылады. Ал Абайдың «көзімнің қарасы» мүлде бөлек. Мұнда «көзімнің қарасы» көзқарас деген мағынада қолданылған, яғни көзқарасы ұқсас адамдар бір-бірімен тіл табыса алады. Мұнда көзқарас ұқсастығы ғана емес, бүкіл ақыл-ойымның санасы деген мәселе тұр.

Лирикалық кейіпкер сезімін өмір бойы жүрегінен өшіргісі келмейді. Ғашық болудың мағынасы үлкен. Мысалы, Қыз Жібек пен Төлеген, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Ләйлі мен Мәжнүн, Еңлік пен Кебек т.б. – бұлар шынайы ғашықтар. Тіпті Абай ғашығын үлкен-кіші, кәрі-жас арасында ешкімге ұқсамайтын «адамның баласы» санайды.



Суретпен жұмыс

Суреттегі адамдардың көңіл күйін баянда. Қандай музыкалық аспаптар бейнеленген? QR-cod арқылы берілген әнді тыңдап, ақын заманына саяхатта.



Өлең кімге арналуы мүмкін? Ақынның сүйгені Тоғжан немесе Әйгерімге арналған ба?

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында ұйқыдағы Абайға Тоғжанның ән салғаны естілгендей болады. Сөйтсе, Тоғжан емес, басқа қыз болып шығады. Ақын қыздың әніне де, сұлулығына да тәнті болады. Тек қыздың «Шүкіман» деген есімін ұнатпайды. Досының «Әй, керім екен» деп тамсануынан «Әйгерім» деген ат пайда болады.

Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.
Айтуға келгенде,
Қалқама сөз дайын.

Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын.

Зертте

1. «Көзімнің қарасы» әні Қазақстаннан тыс жерде айтылды ма?
2. Қосымша дереккөздер арқылы «Көзімнің қарасы» өлеңінің басқа тілдегі аудармасын қарастырып, түпнұсқамен салыстыр. Өз көзқарасыңды білдіріп, жоба жаса.

«Қалқама сөз дайын», «Өзі де білмей ме», «Телміріп тұрмайсың», «Бек қатты сынайсың», «Сабырмен шыдайсың» деген өлең жолдарынан Абайдың оны бұрыннан жақсы білетіндігі байқалады.

Өлеңдегі қыз – ақылына көркі сай, жұртта жоқ асқан сұлу. «Кең маңдай, қалың шаш, ақ тамақ, қызыл жүз, қара көз, имек қас, қыр мұрын, қыпша бел» деген бірыңғай эпитеттермен берілген өзгеше қыз сұлулығына жан жетпейді. Қыз қайғырса, автор үшін қыспен тең, ал жадырап күлсе, жаз орнағандай, ақын да мәз болады. Қыздың сыңғырлап күлгені де әсем, оның ән салғанын бұлбұлға теңейді.

Қайғың – қыс, жүзің – жаз,
Боламын көрсем мәз.
Күлкіңіз бойды алар,
Бұлбұлдай шықса әуез.

Мұндай қызға ғашық жігіт бар байлығын ғана емес, оның бір қара басына жанын да үзіп беруге дайын екенін білдіреді.

Кісімсіп дүрдараз,
Бұраңдап қылма наз.
Мал түгіл басымды,
Жолыңа берсем де аз.

Ақын сұлулыққа тәнті. Өйткені сұлу «Артықша жаратқан, Алланың рахметі» болса, ал «Сұлуды сүймектік – Пайғамбар сүндеті», яғни сұлулықты сүймейтін, жақсы көрмейтін, құмар болмайтын адам баласы сирек.

Өлең соңында ғашық жүрек мұңы білінеді. Өйткені лирикалық кейіпкер – ер адам емес, сондықтан ол жаратылыс сыйлаған

сұлулығын ешкімнен жасырғысы келмейді. Ал сұлу қызға әркім де көз салады.

Ер емес қымсынар,
Әркім-ақ ұмсынар.
Құдай-ау, бұл көңілім,
Күн бар ма бір тынар?

Бірақ ақын сұлуға кінә тақпайды. «Өзі де білмей ме, көп сөйлеп созбайын?» деп сабырлылық танытады. Қазақ «қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі» деп, қыз баланы гүлмен қатар құрметтеген. Осындай аруға жігіт те лайық болу керек. Ғашықтық сезімді қадірлей білген Абай бұл жерде махаббат, әділет, сезім ұғымдарын ғылыммен байланыстырып, терең философиялық талдау жасап отыр.

«Көзімнің қарасы» өлеңінде: «Бұнда жастар махаббатының нақтылы шындығынан гөрі сұлудың көркін мадақтау көп», – деп М.Әуезов тегін айтып отырған жоқ. Өйткені «сұлу қыз, құмай тазы, жүйрік ат пен қыран бүркіт» – қазақ ұғымында жастық шақтың қызығы мен құмары. Ал қазақы түсінікке сай Абай өлеңдерінде мұндай сұлулық әлемінің әсем сипаты барлық болмысымен жан-жақты көрініс табады.

Абай «Көзімнің қарасына» да ән жазған. А.Затаевич 1921 жылы Өскемен өңірінің тұрғыны С.Тамтеевтен нотаға түсірген. Бірақ бұл мәлімет тек 1970 жылдары ғана белгілі болған. 1939 жылы әнші Ж.Елебековтен Л.Хамиди нотаға түсіріп, ән «Алтын қорға» жазылған. Әннің әр жылдары жазылған төрт нұсқасы бар. Осы жылдары Б.Ерзакович те Абай әндерін нотаға түсірген. Әндердің нотаға түсірілуіне М.Әуезов үлкен ықпал еткен.

М.Әуезов: «Бұл өлеңдердің («Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы») тұсында алғашқы ғаруз уәзінімен жазылған шағатайша бөйіттердің жотасы көрінеді. Бірақ енді ақын Шығыстағы «Тасауын» (сопылық) поэзиясының рухын, ішкі-тысқы үлгісін, негізгі сарынын терең түсіне бастаған. («Қор болды жаным»). «Сенсің жан ләззаты. Сенсің төн шәрбәті. Сұлуды сүймеклік, Пайғамбар сүннәті» деген сияқты сарын да Шығыстан келіп тұрған леп. Тақырып махаббат болғанымен, не қазақ, не Еуропа үлгісіндегі махаббат жыры емес» деп өлеңдегі шығыстық үлгіге мән берген. Негізінде қазақ музыка мамандарының пайымдауынша, әнде орыстың романсы емес, халықтық ырғақ, ұлттық нақыш

басым. Өн оркестр, фортепиано, баян, хорларға лайықталып, бір жүйеге түскен.

Ал белгілі әнші Е.Шүкіман: «Абай – қазақ жазба әдебиетінің тарихында махаббат, ғашықтық, сүйіспеншілік, сұлулық тақырыбын биік эстетикалық өреде жырлаған тұңғыш ақын. «Айттым сәлем, қаламқас» (1986) жинағында берілген 3-нұсқаны 1921 жылы алғаш нотаға түсірген А.В.Затаевич «Кашек» деген атпен жазып алған. «Кашек» деген бұрмаланған «Ғашық» сөзі. А.Затаевич жазып алған «Көзімнің қарасы» оның жинақтарында басылмағанмен, 1971 жылы А.Затаевичтің «Әр халық әндері» жинағына мәтінсіз енгізілді. А.Затаевичке Өскемен уезінде Серғазы Тамтеев айтқан «Көзімнің қарасы» әуені қарапайым әрі түсінікті», – дейді.

1

Білу

1. Өлең кімге арналған?
2. Өлең қандай ұйқаспен жазылған?
3. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер өкініші қандай?

2

Түсіну

1. Өлеңді түсініп оқып, негізгі ой түйіндерін анықта.
2. Өлең неге «Көзімнің қарасы» деп аталады? «Биология» пәнімен байланыс жасап, көздің қарашығының қызметін түсіндір.
3. «Көзімнің қарасы» өлеңі не себепті кеңінен таралды?

3

Қолдану

1. «Көз», «жара», «жүрек» сөздерінің жеке және мәнмәтіндегі қызметтерін анықтап, кестеге жаз.

Көз	
Жара	
Жүрек	

2. «Қайғың – қыс, жүзің – жаз» сөз тіркесінің идеялық маңызын айқында.

3. <https://khabar.kz/kk/m-ra-at/ba-darlamalar/item/121673-bir-tuyndy-tarikhy-tsikli-kozimnin-karasy-derekti-filmi> сілтемесі арқылы «Көзімнің қарасы» өнінің тарихымен таныс.

4

Талдау

1. **Топтық жұмыс.** «Әдеби шеңбер» әдісімен мына рөлдердің бірін таңдап, автордың философиялық ой-пікірін талдаңдар.
 - 1) Талқы себепшісі – өлең бойынша (кейіпкерлері, қарым-қатынасы, автор позициясы т.б.) 10 сұрақ құрастырады.
 - 2) Белгілеуші – өлеңнің ең маңызды деп санайтын бөліктерін белгілеп, ойын дәлелдейді.
 - 3) Байланыстырушы – жағдаяттарды таңдап, өмірме байланыстырады.
 - 4) Қорытындылаушы – көтерілген мәселелерді қорытындылайды.
2. Өлеңнің құрылысына талда.
3. Бүгінгі уақытта қоғамда «Әншілік – ең оңай мамандық» деген жаңсақ пікірдегі жандар кездеседі. Осы мәселе жөнінде «Ресми дебат» тәсілімен дебат ұйымдастырыңдар. Дебаттағы рөлдер: қазылар; жақтаушы тарап; даттаушы тарап. Жақтаушы тарап: «Ең оңай әрі ең табысты мамандық – әншілік». Даттаушы тарап: «Әншілік те – жоғары білім алып, көп тер төгуді қажет ететін мамандық». Қазылар соңынан қорытындылайды. Пікірталасты тыңдап, әр спикерге олардың дәлелдеріне, ұтымды пікір айтқандарына және басқа топтың дәлелдеріне қаншалықты дұрыс жауап бергендеріне қарай баға береді.

5

Жинақтау

1. Өлеңнен алған әсеріңді зерделеп, ақынның шебер лирик ретіндегі рөлін түйінде.
2. Өлеңдегі арудың суретін салып көр.
3. Өлеңнің эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жаз.

6

Бағалау

М.Әуезов бұл өлең туралы: «Көзімнің қарасында» шығыс поэзиясында (Науаи, Фзули) көп орын алған үлгілердің әсері

де жоқ емес. Бұнда жастардың нақтылы шындығынан гөрі сұлудың көркін мадақтау көп», – деген екен. Жазушы пікіріне баға бер, келісесің бе?



Білгенге маржан

Елордадағы Жастар театрының репертуарында «Көзімнің қарасы» спектаклі (режиссері Нұрқанат Жақыпбай) бар. Спектакльге Абай мен Тоғжанның оқиғасы арқау болған. Қойылымда Абайдың «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Айттым сәлем, қаламқас» әндері шырқалады.

https://www.instagram.com/zhastar_teatry/?hl=ru



Абайтану әліппесі

Музыка – өмір шындығын, белгілі бір ойды, образды, идеяны ән, әуен, ырғақ арқылы мазмұндап бейнелейтін көркемөнер саласы.

Музыка эмоциялық әсері арқылы адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады.

Музыканың басқа өнерден, әдебиеттен, театрдан айырмашылығы – образдарды түгелдей дыбыстық үн құралдары арқылы суреттеуінде. Ал Абай – өлеңді музыкамен: ән және күймен үйлестіре білген талантты өнерпаз.

Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық



Жазып көр

«Әнді сүйсең, менше сүй» деген тақырыпта музыкаға деген көзқарасыңды түйіндеп жаз.



Кітап – білім бұлағы

1. Ыбырайұлы М. Абай әншісі – Өлмағамбет // Абай. – 1993. №5. – 54–59-б.
2. Абай әуендері: альбом / құраст. Х. Тілемісов. – Алматы: Қайнар, 1995. – 304 б.

Түннің әсемдігін сезінгің келсе, ақын жырына құлақ сал.

«ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- шығармадағы көркем-дегіш құралдардың қолданысын талдау;
- шығарманың тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармасымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау.

Тірек сөздер

Лирика
Табиғат
Аударма

Зертте

Қосымша ақпарат көздерінен «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің алғашқы орындаушылары туралы мәлімет ізде.

Абай аудармасы ішінде шоқтығы биік тұратын өлеңдерінің бірі – «Қараңғы түнде тау қалғып» шығармасы. Ақын бұл туындыны М.Ю.Лермонтовтың «Над всеми вершинами» өлеңінен тәржімелеген. Ал М.Лермонтов оны 1840 жылы И.Гётеден аударған.

Түпнұсқадағы сегіз жолға Абай да сөз қоспай, тура аударған:

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер маужырап.
Даланы жым-жырт дел-сал қып,
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

Шалыс ұйқаспен жазылып, екі шумақтан, яғни сегіз жолдан ғана тұратын бұл өлеңнің философиялық түйіні, әлеуметтік астары мен мағынасы, көркемдік қиял құдіреті аса тереңде жатыр. Тылсым табиғат құбылысының

тыныштығы мен үнемі әрекет үстіндегі адамның тыныштық аңсауы асқан шеберлікпен суреттелген.

Өлең композициясының соңғы түйіні, бүкіл философиялық астары соңғы екі жолында тұр. Бұл Гётеде, Лермонтовта, Абайда да дәлме-дәл өрілген. Мұндай аудармашылық шеберлік – бір-бірімен қабілет-қарымы үйлескен дарын иелерінде ғана болатын ерекше құбылыс.



И.ГЁТЕ



М.ЛЕРМОНТОВ



АБАЙ

1780 жылы Кикельхан шыңына жаяу көтерілген немістің ойшыл қаламгері Иоганн Вольфганг Гётенің (1749–1832) аңшы үйінің қабырғасына қарындашпен жазған осы өлеңі «Жолаушының түнгі жыры» деп аталып, дүниежүзінің бірнеше тіліне аударылды.

Қазақ, орыс, неміс тілдерінде еркін сөйлейтін қазақстандық жазушы Герольд Бельгер (1934–2014) үш тілдегі шығарманы зерттеп, «Гёте и Абай» (1989) деген еңбек жазған. Ол осы шығармалар туралы былай деген: «Лермонтов Гётенің миниатюрасын еркіндеу аударып, орыс табиғатына лайық бірнеше тың бейне қосып, ырғақ, буын өлшемін дәл сақтамағанымен, түпнұсқадағы ойға, сарынға, сезімге ешбір нұқсан келтірмей, данышпан неміс ақынының философиялық ой-күйін, түйсік-сезім, дүниетанымын айқын бере алған. Абай аудармасы жайында да дәл осыны айтуға болады. Ол Лермонтов тәржімесі арқылы ұлы Гётенің жан сырын тап басып, өлеңді қазақ топырағына бейімдеп, ұлттық әр беріп, жаңа, тың жыр туғыза алған. Абайдың шеберлігі, көрегендігі, сезімталдығы, әсіресе үш өлеңді қатар қойып оқығанда ерекше айқындала түседі. Бір ғажабы, Абайдың аудармасы өзіндік төл шығармадай әсер етеді. «Қараңғы түнде тау қалғыпты» білмейтін, шырқамайтын қазақ жоқ».

Өлеңде қараңғы түннің әсерінен тау қалғып, тәтті ұйқыға кетеді. Түн тыныштығы жолға да, жапыраққа да әсер еткен. Оларда да қозғалыс жоқ. Табиғатты мүлгіткен түн тыныштығы адамға да әсер етпей қоймайды. Тек уайым-қайғыға салынбай, сабырлылық сақтаса, түн оған да тәтті ұйқы сыйлайды.

Өлеңдегі «қалғып, маужырап, салбырап, сілкіне алмас» деген етістіктер табиғат құбылысын бейнелеуде жанды кейіп танытып, ерекше эстетикалық сипат туғызған.

Осы өлеңге арналған нәзік әуен де тыңдарманын тәнті етіп, әннің халық арасына кең жайылуына себеп болған.

Әнді алғаш жеткізуші – Әрхам Ысқақұлы. 1939–1940 жылдары М.Әуезовтің ұйытқы болуымен музыка мамандары Л.Хамиди мен Б.Ерзакович нотаға түсіріп, Абай әндерінің жинағында жариялана бастаған. Бұлардан кейін Қайролла Жүзбасов та Абай әндерінің нотаға түсуіне үлкен үлес қосқан. Әннің Ж.Елебеков, Мәкен Мұхаметжанова (Абайдың немересі) айтқан нұсқаларының да маңызы зор. Музыка зерттеушісі, әнші Еркін Шүкіман бұрын айтылмаған халық әртісі Қ.Байжанов нұсқасы туралы былай деп жазады: «Ән басы «ей» деген одағаймен басталады. Зерттеушілер Абай әндеріне одағай сөздер тән емес дегенімен, бұл ерекшелікті Абай әндерін жеткізушілердің бірнешеуінен кездестіре аламыз. Бұдан әрі 1-әуендік жол қалыпты жағдайда басталады. Бүгінгі айтылып жүрген «Қараңғы түнде тау қалғып» диапазоны октава төңірегінде болса, 2-әуенде жол бұрынғы айтылуда жоқ, тың сұрлеуге түседі: әуендік жолдың ортасынан бастап (кетер) бірден VII сатыға өрлейді. Осы әуендік жолдың 1-сатыға қайтуы да өзгеше – төменгі V, VII сатылар арқылы жасалады. Ал 3-әуендік жолды жоғарғы III сатыға дейін көтеру арқылы ән диапазоны терцдецимаға (13 сатылы интервал) дейін ұлғайған. Бір қызығы, әннің соңын октава көтеріп аяқтаған. Бұл ерекшелік «Сегіз аяқ» әнінде де кездеседі» (419–420 б). Жалпы әннің 5–6 нұсқасы бар.

1

Білу

1. Өлеңде не туралы айтылады?
2. Шығармада қай мезгіл суреттелген?
3. Өлең кімге арналуы мүмкін?
4. И.Гётенің өлеңін қазақ тіліне алғаш аударған кім?

2


Түсіну

1. Өлеңді неге табиғат лирикасына да, көңіл күй лирикасына да жатқызамыз?
2. Тау неліктен қалғиды?
3. Жапырақ неге сілкіне алмайды?

1. Топтық жұмыс. «Қараңғы түнде тау қалғып» әнін айтыңдар. Енді осы әуенмен М.Ю.Лермонтовтың «Горные вершины» өлеңін айтып көріңдер. Қандай нәтиже болды? Бұл нені білдіреді?
2. Өлең мазмұны бойынша сурет сал.

1. Шығармада қандай көркемдегіш құралдардың қолданып тұрғанын анықтап, олардың қызметін талда.
2. «Желсіз түнде жарық ай» және «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдерін Венн диаграммасында талдап, салыстыр. Ұқсастықтары мен айырмашылықтары неде?

«Желсіз түнде жарық ай» өлеңі «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі



3. Топтық жұмыс. Павлодар облысынан шыққан қарапайым жұмысшы Иманбек Зейкенов 20 жасында америкалық «Грэмми» сыйлығын алды. Ол туындыны ескі ноутбук пен қарапайым құлаққап арқылы екі жарым сағаттың ішінде жазып шыққан. Диджей қажетті маман ба? «Ресми дебат» тәсілімен дебат ұйымдастырыңдар. Дебаттағы рөлдер: қазылар; жақтаушы тарап; даттаушы тарап; Қазылар пікірталасты тыңдап, әр спикерге олардың дәлелдеріне, ұтымды пікір айтқандарына және басқа топтың дәлелдеріне, дұрыс жауап бергендеріне баға береді. Жақтаушы тарап: «Диджей – керекті маманның бірі». Даттаушы тарап: «Диджей – уақытша құбылыс».

1. «Сұраққа жетіп ал» әдісімен өлеңге сұрақ қойып, тұжырымдаңдар. Сыныптастарының жауаптарын тыңдап, өз сұрақтарыңды қойыңдар. Одан соң жұптасып, оқығандарың бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, оны талқылаңдар.

2. Абай шығармаларындағы түнгі тау көрінісі туралы кластер құрастыр.



6

Бағалау

1. QR-cod арқылы әнді тыңда. Абайдың сазгерлік өнеріне баға бер.
2. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармалармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағала.



Білгенге маржан



Менің Абайды тануым Гётені түсінуден басталуға тиіс сықылды еді. Қаншама қазақша оқып, қазақ ауылында өстім дегенмен, неміс емеспін бе? Бірақ бәрі керісінше болып шықты. Мен әуелі Абай арқылы Гётені таптым.

Бұл әншейін айтыла салған жылтырақ сөз емес. Басқасын былай қойғанда, Гётенің әйгілі «Жолаушының түнгі жыры» атты өлеңін мен әуелі Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлеңін оқып барып, Лермонтовтың «Тау шыңдары» арқылы бойыма сіңіріппін.

Герольд Бельгер

Ұлы Отан соғысынан кейін жеңілген Германияның Зуль округінде біраз уақыт әскери қызмет атқарып тұрдым. Осы аймақтағы Гобельбах дейтін қалада Гётенің музейі бар. Кезінде ұлы ақын Веймар герцогы Август Карлмен бірге саяхатшылық құрып жүргенде, осы маңдағы бір оңаша үйге келіп тоқтайды екен. 1870 жылы қыркүйектің 6-сы күні Гёте осы үйге алғаш келгенде, терезеден қарап тұрып, Тюрингия тауларының әсем көрінісіне сүйсінгендіктен, осы өлеңді жоғарыда көрсетілген тақырыппен есікке бормен жазып кетіпті. Осы оқиғаның менің

жадымда берік сақталғандығы сондай, арада отыз шақты жыл өтіп, сол өлкеге тағы бір жолым түскенде, Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деген аудармасының текстін ақ мәрмәрға жаздыртып, магнитофон таспасына жазылған әнінің нотасымен қоса, сол музейге тапсырдым... Өлең 1945 жылғы жинақта «Лермонтов бұл өлеңді Гётенің «Wanderers Nahliid» дейтін өлеңінен аударған деп көрсетіпті. Бұл да дұрыс айтылған сөз. Өйткені өлеңнің неміс тіліндегі нұсқасында «Түнгі жолаушының әні» деген тақырып болған.

Қалмұқан Исабаев



Абайтану әліппесі

Миниатюра – (фр. *miniature*, лат. *minium* – бояу, сурик (қызыл бояу, жоса) бейнелеу өнерінде бояуларды түсірудің өзіндік мәнері бар шағын туындылар тобы.

Әдебиеттегі миниатюра – көлемі шағын, құрылысы күрделі, мазмұны бай, ойы тұжырымды көркем шығарма. Миниатюра шағын жанрлар түрінде жазылады.

Абайдың бірнеше шығармасы миниатюра түрінде жазылған.

Қазақ әдебиеті. Анықтамалық



Жазып көр

«Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің миниатюраға жататынын дәлелдеп жаз.



Хакімнен үйрен

Табиғат сұлулығының мезгіл талғамайтынын ақыннан үйрендің бе? Өзің тұратын жердегі түннің әсем көрінісін суреттеп жаз.



Кітап – білім бұлағы

1. Абайдың келіні, Өубәкірдің әйелі Камалияның есте қалғандары // Жүрегімнің түбіне терең бойла. – Алматы: Жазушы, 1995.
2. «Қазақтың 1000 әні» аудио антологиясы. 22 CD, 7 трек (рет нөмірі)

Ақын не жайында толғанған екен?

«ӨЗГЕГЕ, КӨҢІЛІМ, ТОЯРСЫҢ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- мәтіндегі тілдік бірліктердің дербес және мәнмәтіндегі (контексте) қызметін түсініп, идеялық мазмұндағы маңызын айқындау;
- шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау.

Тірек сөздер

*Қызыл тіл
Жүрекпен толғану
Жүрекпен тыңдау
Іштегі дерт*

Сөзмаржан

Дерт – медицинада адамның қалыпты денсаулығының бұзылуы, ауру, кесел. Бұл жерде: *арман, қайғы*


Хас – соған тән, тиесілі. Хас надан – нағыз, таза надан

Ғаріп, көріп – ауыр, аянышты күйге түсу

Абайдың 1890 жылы жазылған «Өзгеге, көңілім, тоярсың...» өлеңі – сөз өнерінің құдірет-күшін көрсететін шығармаларының бірі. «Ақын – поэзиялық туындыларды (өлең, жыр-дастан, поэма) ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркемдік талғамын қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері» екендігі белгілі.

Суретпен жұмыс

Суретшінің туындысы өлең мазмұнымен үйлесе ме? Екі шығарманы салыстырып, өз пікіріңді жаз.



Ал Абай – жаратылысынан өнер қонған дарын иесі, ақын. Өлең-жыр, өн мен күйдің халықтық сипатын Абай жақсы танып, бағалай білді, көптеген

өлеңдерінде осы тақырыпты арқау етті. Әсіресе, өлең – ақын ойының шам-шырағы, іштегі шер мен мұңды тарқату құралы. Сондықтан Абай өзге дүниеге көңілі тоқ болғанымен,

Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың, –

деп, өлең жазудың айрықша қуаты болатындығын ашып береді. Өлең арқылы Абай халықтың ой-арманын, қуаныш-қайғысын жеткізуден шаршамайды, зарлана отырып, егіле жас төгеді:

Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.

Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын.

Өлең жазу – еріккеннің ермегі емес. Онда халықтың ой-арманы, мұң-зары, тілек-ықыласы көрініс табуы керек. Бірақ Абай зарын көкірек көзі ояу адам болмаса, «хас надан» ұға алмайды. «Хас надан нені ұға алсын?» деген риторикалық сауалды ақын тегін қойып отырған жоқ. «Отыз сегізінші қарасөзінде» Абай: «Надандық – ғылым-білімнің жоқтығы, дүниеден ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік – хайуандық болады» деп сипаттама берген еді.

Абай сөзін кім ұға алады? Әрине, білім-ғылыммен қаруланған көкірек көзі ояу адам ғана ұға алатындықтан да ақын:

Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын, –

дейді.

«Бірінші қарасөзінде»: «...ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі» деп жазғаны сияқты:

Тыңдамаса еш адам,
Өз жүрегім толғансын...

Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса, сол алсын, – дейді.

Сондай-ақ

Жылай-жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын, –

деген Абай өз заманы ұқпағанымен, келер ұрпаққа үлкен үміт артады. Ақын ойынша, көкірек көзі ояу бірен-саран адам арман-тілегін қабыл алып, оқыса, ойланып-толғанса, сол жетеді. Өйткені «мың надан» ішкі мағынасын ұқпаса да, «Сыртын естіп таңдансын» дейді.

Өмірде неше түрлі адам болады, әр нәрсені көкірегіне түйе білетін естісі де, саналы ақылға ой-өресі жетпейтін есері де, момыны да, ашушаңы да болады. Соның ішінен Абай білімсіз адамды хайуанға теңей келе өлең соңында:

Жүрегіңмен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсың.
Соны көріп, соларға
Қайтіп қана сарнарысың?! –

деп, тек құлағымен ғана тыңдап, оқу-білім үйреніп, көкірек көзін оятқысы келмейтіндерге көңілі толмайтынын білдіреді.

Өлең 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. 7–8 буынды жыр үлгісімен жазылған өлеңнің бірінші шумағынан басқа 8 шумақ шалыс (а-б-а-б) ұйқаспен өрілген.

Абай бұл өлеңіне де ән шығарған. Алғаш рет музыка зерттеушісі А.Затаевич «Өлеңді қайтіп қоярсың» деген атпен әнді нотаға түсіріп, «Қазақтың 500 ән-күйі» (1931) жинағына енгізген. Ол әнді 1926 жылы М.Әбсалықов деген әншіден жазып алған. Бірақ ән көп айтылмаған. Тек 1995 жылы Абайдың 150 жылдығы кезінде Т.Базарбаев пен Т.Рахимов Семейдің жергілікті телеарнасынан «Өзгеге көңілім тоярсың» әнін орындаған.

Ән туралы дәстүрлі әнші Е.Шүкіман былай жазады: «Әнді нотадағы негізгі жүлгені бұзбағанымен, музыкалық сөйлем аяғындағы дыбыстарды мейлінше созып, дыбыс күшін пиано (баяу), пианиссимо (өте баяу) дәрежесіне дейін үзілдіріп, асықпай орындаған. Ән кеудесінің соңғы тармағында («Іштегі дертті жоарсың») пунктирлік (үзік), синкопалық (қаттыдан баяуға ауысу) ырғақтар жиі байқалады» (380–381-б).

Абайдың «Өзгеге көңілім тоярсың» өлеңіне композитор Сыдық Мұхаметжанов та романс жазған. Екі әннің әуенінде өзара ұқсастық бар. Бұл туралы өнертанушы Қайрат Айтбаев: «Композитор ұлы ақынның музыкалық мұрасын зерттеп барып жазғаны анық. Сол себепті де ән Абай сөзімен тұтасып кеткен. Өлең табиғатын ән дәл ашқан», – дейді.

«Өзгеге, көңілім, тоярысың» өлеңі – поэзия жанры, соның ішінде өлең сөзге аса мән бере қарағанын көрсетеді. «Сөз өнері – дертпен тең» деген Абай жан дүниесінің күш-қуатын, ой-өрісін, арман-тілегін, ақыл-кеңесін өлең арқылы таныта білген.

1

Білу

1. Көңіл деген не?
2. Автор пайымдауынша, іштегі дерт қалай жойылады?
3. Адамның өзіне көңілі қашан толады?

2

Түсіну

1. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер неге дерттеніп отыр?
2. Оның көңілі кімге тояды?
3. Ақын неге «мың надан» дейді?

3

Қолдану

1. «Дерт», «қара», «көңіл» сөздерінің жеке және мәнмәтіндегі қызметтерін анықта.

Дерт	
Қара	
Көңіл	

2. «Аң» сөзінің синонимдерін жаз. «Даладағы аңдарсың» сөз тіркесінің идеялық маңызын айқында.

4

Талдау

1. QR-cod арқылы және интернеттен «Өзгеге, көңілім, тоярысың» өнінің әртүрлі нұсқадағы орындалуын тыңдап, оларды талда. Қай нұсқасы ұнады? Неліктен?
2. Өлеңнен үзінді алып, өмірмен байланыстыра отырып әңгімеле.



Үзінді	Менің тұжырымым

3. Шығармада қандай көркемдегіш құралдардың қолданып тұрғанын анықтап, олардың қызметін талда.

Көркемдегіш құралдар	Қызметі

5

Жинақтау

1. «Топтастыру» әдісін қолдана отырып, «Ақын өсиеті» атауымен түйген ойыңды сызба түрінде көрсет.
2. «Өзгеге, көңілім, тоярсың» өлеңінің идеясы бойынша пікіріңді «ПОПС формуласы» арқылы білдір.
Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...».
Екінші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін ...».
Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...».
Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...».

6

Бағалау

1. Қалай ойлайсың, Абайға дейін қазақ әдебиетінде халық тағдыры үшін толғанған ақындар болды ма? Болса, кімдер? Ерекшеліктері неде?
2. Жазушы Т.Әлімқұловтың: «Абай әндері әріден жатқан халық әндерін де, өзінен шамалы бұрынғы сахара композиторларының әндерін де қайталамайды, оларға жуықтамайды», – деген пікіріне баға бер.



Білгенге маржан

«Өзгеге көңілім тоярсың» әнінің I түрін А.В.Затаевич 1922 жылы Орынборда Мұсылманқұл Әбсалықовтың орындауы бойынша нотаға түсірген. «500 ән» жинағында (№88) мәтінсіз, «Абайдың музыкалық творчествосы» жинағында мәтінмен жарияланған.

«Өзгеге көңілім тоярсың» әнінің II түрін Қ.Жүзбасов Мәкен Мұхамеджанованың орындауынан нотаға түсірген. Алғаш рет жарияланды.

Мәкен Мұхамеджанова – ақынның Тұрағұлдан туған немере қызы. Мәкен Абайдың әндерінің көбін кейінгі ұрпаққа жеткізуге үлкен үлес қосты.

«Абай» энциклопедиясы



Абайтану әліппесі

Поэзия – өлеңмен жазылған не айтылған әдеби шығарма, сөз өнерінің негізгі жанры. Адам баласының мәдениетін дамытудағы ең қуатты, құдіретті құралдардың бірі. Абай қазақ поэзиясын әсіре шешендіктен, әсіре бояудан арылтып, терең ойлылықты арттырды. Ақынның эстетикалық көзқарастары оның дүниетанымының негізгі бөлімін құрайды. Көркем шығармашылықты Абай өзінің озық ойларын халықты тәрбиелеудің құралы ретінде пайдаланып, ілім-білім алуға шақырды.

«Абай» энциклопедиясы



Жазып көр

Қоғам өміріндегі ақынның рөлі мен орнын, поэзия міндетін көрсетіп, мақала жаз.



Хакімнен үйрен

Адамзат қоғамының бір мүшесі ретінде сені қандай жайт толғандырады? Қағаз бетіне түсіріп көр.



Кітап – білім бұлағы

1. «Абайдың әндері мен күйлері – Песни и кюи Абая». Құрастырушылар: Н.Нүсіпжанов, А.Еркебай. Алматы, «Өлке» баспасы, 2012.
2. Шүкіман Е. Абайдың музыкалық шығармалары. // Кітапта: Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. 3 томдық. Поэмалар, қарасөздер мен хаттар, музыкалық шығармалар. 2-т. – Алматы: Жазушы, 2020.

АБАЙДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Меңгерілетін білім:

- Абай әндерінің ұлттық музыкада алатын рөлін, қазақ мәдениетіне қосқан рухани-эстетикалық, танымдық үлесін зерттеп, жоба жасау.

Қымбатты оқушы! Міне, «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» тарауын аяқтап келесің.

«Абайдың музыкасы көпжанрлы: онда драма, сатира, трагедия, әдет-ғұрыптың, жаратылыс суретін бейнелейтін, т.б. сан түрлі музыка бар», – деп Ахмет Жұбанов айтқандай, ақын қырық шақты

ән мен 4–5 күй қалдырған. Музыка саласында да бірнеше шәкірт тәрбиелеген. Біржан сал сияқты атақты әншілермен кездескен. Осы тәрізді оқулықта қамтылмаған ақынның музыкаға қатысты қырын зерттеу арқылы презентация жасау ұсынылады.

Жұмыстың барысы:

- тақырыпты таңдау;
- тақырыпқа байланысты материалдарды жүйелеп, мазмұнын құру;
- мәліметтерді жинақтап, слайдтар жасау;
- ақын музыкаларын қосу;
- презентацияны көрсету, қорғау;
- қорытындылау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Абай жолы. 1–4 т. – Алматы: Жазушы, 2002.
2. Абай өлеңдері мен шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003.
3. Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, қаламқас: әндер мен күйлер / Құнанбаев Абай; Құраст. Ерзакович Б.Г. – Алматы: Өнер, 1986.
4. Абайдың өлеңдеріне жазылған әндер [Ноталар] / Бекпаев К., Құдырбеков А. [муз. ред. В.Шевченко]; Үш Арыс – Ақмола: Жаңа арқа, 1996.
5. Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976.

Міне, сен «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» деп аталатын төртінші тарауды аяқтадың.

Не білдің? Не үйрендің? Көне, өзіңді сынап көр.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР

Қайталау тапсырмалары

Топтық жұмыс.

1. Үш топқа бөлініп, ақын әндері мен қазақ музыкасына әкелген жаңалығын талдаңдар:

1-топ: ақын музыкасының тақырыптары;

2-топ: қазақ музыкасына әкелген жаңалығы;

3-топ: ақынның музыкант, әнші шәкірттері;

2. «Көзімнің қарасы» деген тақырыпта сценарий жазып, кеш өткізіндер.

Жұптық жұмыс.

«Зерде» тәсілі бойынша Абай әндерінің неге әлі күнге дейін халықтың сүйіспеншілігіне ие болып келе жатқанын саралап, түйіндеңдер.

Білім	Зерттеу еңбектері арқылы алған ақпараттарым
Эмоция	Музыка әуені және менің көңіл күйім
Баға	Автор шығармашылығына беретін бағам
Сын	Автор туындыларының мен үшін маңызы
Идея	Оқырман және тыңдаушы ретінде автор шығармаларын насихаттауға ұсынатын идеям

Жеке жұмыс.

1. Абай әндері туралы семантикалық кестені толтыр.

Ән атауы	Не туралы?	Суреттеу шеберлігі

2. «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» деген тақырыпқа жобалық жұмыс жаса.

3. Тест сұрақтарына жауап бер.

- 1) «Қара» сөзі қай өлеңде кездеспейді?
 - A) «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі
 - B) «Көзімнің қарасы» өлеңі
 - C) «Өзгеге, көңілім, тоярсың» өлеңі
 - D) «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі
 - E) «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі
- 2) Ұйқас деген не?
 - A) Өлең тармақтарындағы буын сандарының бірдей болуы
 - B) Сөз басындағы дыбыстардың қайталануы
 - C) Өлеңдегі тармақтардың бірдей болуы
 - D) Сөйлем құрылымының үйлесімділігі
 - E) Өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі
- 3) Абайдың әндерін таратушы Мәкен кімнің қызы?
 - A) Әбдірахманның
 - B) Мағауияның
 - C) Ақылбайдың
 - D) Тұрағұлдың
 - E) Кәкітайдың
- 4) Ақынның халық тағдыры үшін толғанған әні:
 - A) «Қараңғы түнде тау қалғып» әні
 - B) «Көзімнің қарасы» әні
 - C) «Айттым сәлем, қаламқас» әні
 - D) «Өзгеге, көңілім, тоярсың» әні
 - E) «Желсіз түнде жарық ай» әні
- 5) Абай әндерінің ерекшелігі:
 - A) Тек махаббат тақырыбына арналуы
 - B) Тек домбырамен орындалуы
 - C) Халық әндеріне ұқсастығы
 - D) Қайырмасының болмауы
 - E) Тек патриоттық әндер болуы

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

1. Өлең үзіндісін мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың маңы – терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,

Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

1) Өлеңде қандай жыл мезгілі суреттелген?

- A) Жаз мезгілі
- B) Күз мезгілі
- C) Көктем мезгілі
- D) Қыс мезгілі

2) Үзінді идеясына сай мақал-мәтелді тап:

- A) Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады.
- B) Түн патшасы – шырақ.
- C) Ағаш көркі – жапырақ.
- D) Нұр – Ай сұлулығы,
Су – сай сұлулығы.

2. Өлең үзіндісін мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Қайғың – қыс, жүзің – жаз,
Боламын көрсем мез.
Күлкіңіз бойды алар,
Бұлбұлдай шықса өуез.

1) Үзінді не туралы?

- A) Жаз мезгілі туралы
- B) Қыз туралы
- C) Бұлбұл туралы
- D) Өуез туралы

2) Үзіндідегі антитезаларды тауып, олармен сөйлем құра.

3) Үзіндідегі гиперболаны тауып, қызметін түсіндір.

3. Берілген тапсырмаларды орында.

1) «Қараңғы түнде тау қалғып» өлең жолындағы көркемдегіш құралды тап:

- A) Метонимия
- B) Метафора
- C) Кейіптеу
- D) Эпитет

2) Осы өлең жолындағы айтылмаған ойды белгіле:

- A) Қараңғы түсті
- B) Адамдар ұйқыға жатты
- C) Тау ұйқыға батты
- D) Дала тынышталды

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2009.
2. Абай өлеңдері мен шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003.
3. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011.
4. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998.
7. Әл-Машани А. Әл-Фараби және Абай. Көптомдық шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Алатау, 2005.
8. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография / шығармаларының 50 томдық толық жинағы. Т. 35. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014.
9. Әуезов М. Абай жолы. 1–4 т. – Алматы: Жазушы, 2002.
10. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001.
11. Байтұрсынұлы А. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.
12. Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. Алматы: Қазақ университеті, 2004.
13. Зайкенова Р. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына арналған. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2019.
14. Зайкенова Р. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушыларына арналған. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2019.
15. Зайкенова Р. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушыларына арналған. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2020.
16. Қасқабасов С. Абай поэзиясының ренессанстық сипаты. – Алматы: Информ-А, 2005.
17. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 1–4 т. – Алматы: Дәуір, 1993–1997.
18. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994.

Электрондық ресурстар:

- | | |
|-------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| https://abaialemi.kz/ | http://semeymuseum.kz/ |
| https://adebiportal.kz/kz | https://e-history.kz/ |
| https://kitap.kz/ | http://old.baq.kz/ |
| http://pushkinlibrary.kz/ | https://khabar.kz/ |
| https://semeylib.kz/ | https://qazaqadebiati.kz |
| https://abai.kz/ | https://egemen.kz/ |
| http://abay-museum.kz/ | |

МАЗМҰНЫ

Шартты белгілер.....	3
I ТАРАУ. ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА.....	5
«Ұяламын дегені көңіл үшін» өлеңі.....	6
«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» өлеңі.....	12
Жиырма тоғызыншы қарасөз.....	17
Бесінші қарасөз.....	22
Өзіңді тексер.....	28
II ТАРАУ. ЖҮРЕКТЕ ҚАЙРАТ БОЛМАСА.....	33
«Жастықтың оты жалындап» өлеңі.....	34
«Жүректе қайрат болмаса» өлеңі.....	41
Жиырма үшінші қарасөз.....	46
Қырық төртінші қарасөз.....	51
Өзіңді тексер.....	55
III ТАРАУ. ЖАҚСЫ АТ ПЕН ТАТУ ЖОЛДАС – БІР ҒАНИБЕТ.....	59
«Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі.....	60
Екінші қарасөз.....	68
Жиырма алтыншы қарасөз.....	73
Өзіңді тексер.....	77
IV ТАРАУ. ҰЙЫҚТАП ЖАТҚАН ЖҮРЕКТІ ӘН ОЯТАР.....	81
«Желсіз түнде жарық ай» өлеңі.....	82
«Көзімнің қарасы» өлеңі.....	87
«Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі.....	94
«Өзгеге, көңілім, тоярсың» өлеңі.....	100
Абайдың музыкалық мұрасының маңызы.....	106
Өзіңді тексер.....	107
Пайдаланылған әдебиеттер.....	110

Оқулық басылым

**Руда Зайкенова
Рахима Сакенова
Сәлима Мұқамет
Зәмзәгүл Қарабекова**

АБАЙТАНУ

Негізгі орта білім беру деңгейінің
7-сыныбына арналған оқулық

Суретшісі И.Краус
Бас редакторы А.Бекболатова
Редакторы А.Ізет
Техникалық редакторы В.Бондарев
Көркемдеуші редактор Т.Давлетова
Бильд редактор Ш.Есенқулова
Суретші-бездендірушілері О.Подопригора, А.Айтжанов
Мұқабаның дизайні О.Подопригора
Беттегендер Л.Костина, С.Сулейменова,
Г.Илишева, Т.Макарова

QR-cod арқылы берілген әндерді орындағандар: Шунан Жайдар, Мұхит Нұрбол

Біздің мекенжайларымыз:

Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.
Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz
Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.
Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz
Павлодар қ. Исиналиев көшесі, 1 үй, 105 оғис
Тел.: +7 (7182) 615996

Сату бөлімі:

Алматы қ., Төле би к-сі, 299 үй, 3 қабат, 312 кабинет
Тел: +7 (727) 2430439

Теруге 31.08.2021 берілді. Басуға 14.06.2022 қол қойылды.
Пішімі 70 x 100¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Мектептік».
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 9,03 . Таралымы 50000 дана.
«Алматы Принт» ЖШС. Алматы қаласы, Кабдолов көшесі, 1/3.
E-mail: almatyprint@mail.ru

Артикул 807-003-001к-22